



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz



ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖАЙЫНДА БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа экономикалық реформаларды жүзеге асыру және азаматтардың әл-ауқатын одан әрі арттыру бойынша бұған дейін берген тапсырмаларының іске асырылуы жөнінде баяндалды.

Премьер-министр еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары туралы есеп берді. Президенттің экономиканы әртараптандыру жөніндегі тапсырмасын орындау нәтижесінде ішкі жалпы өнім өсімінің 70 пайыздан астамын өнеркәсіп, сауда және көлік салалары қамтамасыз етіп отыр.

2025 жылдың қаңтар-қараша айлары аралығында көлік қызметі 20,3 пайызға, құрылыс 14,7 пайызға, сауда 8,8 пайызға, ауыл шаруашылығы 6,1 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 5,9 пайызға ұлғайған. Негізгі капиталға салынған инвестиция 18,5 триллион теңгені құрап, жеке

инвестициялардың көлемі 9,8 пайызға өскен.

Мемлекет басшысына макроэкономикалық тұрақтандыру, халықтың әл-ауқатын арттыру бойынша Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2026-2028 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру жайында мәлімет берілді. Халықтың нақты табысын арттыру, тұрмыс деңгейін жақсарту арқылы ішкі жалпы өнімнің өсімін қамтамасыз ету негізгі басымдық саналады. Инфляция деңгейін төмендету шаралары қарастырылып жатыр.

Олжас Бектенов желтоқсан айында шекарадағы бес өткізу

бекетін жаңғырту жұмыстары аяқталғанын айтты. Қазақстандық тауар өндірушілердің реестрі іске қосылды. Шағын бизнесті қолдауға арналған «Іскер аймақ» бірыңғай бағдарламасы қабылданды.

Бұдан бөлек, Премьер-министр жылыту маусымы жайында есеп берді. Сондай-ақ 2026 жылғы дала жұмыстарын қаржыландыру ерте басталғанына тоқталды. Бұл шара ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу мен экспортқа ден қоя отырып, егіс алқаптарының көлемін сақтауды және оны ұлғайтуды көздейді.

Президент Үкімет басшысына азаматтардың мүддесіне сай еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты жалғастыруды тапсырды. Инвестиция тарту, кәсіпкерлікті қолдау, инженерлік және көлік инфрақұрылымын жаңғырту бойынша бірқатар нақты міндет жүктелді.

АҢЫЗ АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН КҮН



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойды.

Даңқты қолбасшының туылғанына 115 жыл толуына орай қабылданған шешімді естіген жұрт бөркін аспанға атты. Кеңес дәуірінде батыр «Ленин» ордені, «Қызыл Ту» ордені, «Қызыл Жұлдыз» ордені сияқты жоғары әскери марапаттармен наградталды. «Кеңес Одағы Батыры» атағы болса, 1990 жылы өмірден өткеннен кейін берілгені есімізде. Осы күнге дейін БАҚ бетінде де батырға «Халық қаһарманы» атағы берілмей жүргені жайында оқтын-оқтын жарияланды. Бұл ресми атақ берілмесе де, халқы ұлы тұлғаны әлдеқашан марапаттап қойған-ды. Ал батыр тойына тұспа-тұс келген қуанышты хабар осы олқылықтың орнын толтырғандай болды. Жас ұрпақ та Бауыржан Момышұлының ерлігі мен болмысы туралы аңызға бергісіз ақиқатқа қанық. Осылайша, тарихи сананы жаңғырту жолындағы қадам оң болсын дейміз.

Ұлесті СЫЙЛАЙТЫН МЕРЕКЕ



Жаңа жыл – миллиондаған адамды біріктіретін, үміт пен жаңаруды білдіретін ерекше мереке. Дегенмен әр ел бұл мейрамды өзінше қарсы алады.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – БЕРЕКЕЛІ ТІРЛІКТІ БАСТАУЫ



→ 5

ҒАСЫРМЕН ҮНДЕСКЕН КІТАПХАНА



→ 11

→ 8

АҚОРДА

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

ЖАМБЫЛҒА СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Жамбыл облысына барды. Президент бірқатар өнеркәсіптік және әлеуметтік нысанды аралап, экономиканың түрлі секторындағы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты. Сондай-ақ облыс жұртшылығымен кездесті.

Әулиеата халқымен жүздесу барысында Қ. Тоқаев: «Тараз — ұлтымыздың асқақ рухы, бай мәдениеті, елдік мұраты және ерлік дәстүрі тоғысқан қала. Бұл — ежелгі өркениеттің ізі қалған жер. Шежірелі шаһардың жұртымыз үшін орны ерекше. Біз Тараздың екі мыңжылдық тарихын мақтан етеміз. Әулиеата жерінде мемлекеттігіміздің тұғырын нығайтқан талай тарихи оқиға болды. Қазақ хандығы осы аймақта құрылған. Көне қала тоғыз жолдың торабында тұр. Ежелгі Ұлы Жібек жолы қарт Қаратаудың етегін басып өткен. Әйгілі керуен жолы жаңа заманда жаңа қарқынмен дамып келеді. «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» көлік дәлізі Жамбыл жері арқылы өтіп жатыр. Соның арқасында аймақтың стратегиялық маңызы артуда. Жамбыл облысы күн өткен сайын өркендеп келеді», — деді.

Сапар барысында Мемлекет басшысы бірқатар өндірістік және әлеуметтік нысанға барды. Аймақтың өнеркәсіптік әлеуетін арттыру мақсатында ол жергілікті кәсіпорындармен танысып, өндірістің қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын бағалады.

Жамбыл облысындағы медициналық бұйымдар мен дәрілік заттар өндіретін фармацевтикалық кәсіпорын «Әмір және Д» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметімен танысқан Президент отандық фармацевтика индустриясының дамуы импортқа тәуелділікті төмендетіп, ұлттық денсаулық сақтау жүйесін нығайтуда маңызды екенін атап өтті. 94 қызметкер еңбек ететін кәсіпорын бүгінде 200-ден аса медициналық препарат пен дайын өнім түрлерін шығарады. Нақтырақ айтсақ, «Әмір және Д» ЖШС әлеуметтік маңызы бар



ауруларды диагностикалауға арналған жедел тестілердің көптеген түрін өндіреді. Бұл өнімдер В және С гепатитін, АИТВ инфекциясын, миокард талмасын, сондай-ақ есірткі және психотропты заттарды анықтай алады. Сонымен қатар Пре-

индустриалдық аймағын аралап, аймақтағы инвестиция тарту және агроөнеркәсіп кешенін дамыту жобаларымен танысты.

Мұнда Президентке экономиканы индустриаландыру, мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу,

жылда облыста жалпы құны 242 миллиард теңге болатын 56 инвестициялық жоба іске асырылған.

Мемлекет басшысына облыстағы жетекші кәсіпорындардың жобалары көрсетілді. Олардың қатарында «Қаз-фосфат» серіктестігінің минералды тыңайтқыштар өндіру және YONGGANG CENTRAL ASIA IRON and STEEL компаниясы салып жатқан металлургия зауыты жобалары бар. Сондай-ақ Жаңатас қаласындағы «ЕвроХим-Қаратау» ауқымды инвестициялық жобасының аралық қорытындысы ұсынылды. Қазір күкірт қышқылын өндіретін жаңа зауытты іске қосу алдындағы тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алғашқы өнім ішкі нарыққа жөнелтілді.



зидент елімізде медициналық бұйымдар өндіретін жетекші кәсіпорындардың бірі — Superrharm фармацевтикалық компаниясына да барды. Бұл зауыт қазір 600-ден аса адамды жұмыспен қамтып отыр. Компания отандық нарықтағы бірреттік қолдануға арналған медициналық бұйымдарға сұраныстың 30 пайызын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, кәсіпорын түрлі операция үшін хирургиялық және процедуралық жиынтықтарды, медициналық бетперденің барлық түрін, бірреттік қорғаныш киімін, санитарлық-гигиеналық мақсаттағы бұйымдарды өндіреді. Сонымен қатар медициналық шприцтер, инфузионды және қанды қайта құюға арналған система құралдары, басқа да өнімдер дайындайды.

Мемлекет басшысы Жамбыл облысындағы «Тараз» шағын



егіс алқаптарын әртараптандыру, су үнемдеу технологиясын енгізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалып, инвестициялық пул туралы мәлімет берілді. Инвестиция игілігі негізінде жыл басынан бері өңірге 599,2 миллиард теңге инвестиция тартылған, өсім 33 пайызды құраған. Соңғы екі

Сонымен қатар Президентке алдағы уақытта пайдалануға берілетін Shengtai Biotech Co.Ltd жүгері өңдеу зауытының жұмысы жайында мәлімет берілді. Шу ауданындағы бұл жобаға 1,5 миллиард доллар инвестиция салынған. Сонымен бірге Мемлекет басшысы Байзақ ауданындағы Zhongkai Kazakhstan Inter-

national Company қант зауыты құрылысымен де танысты. Бұдан бөлек, KAZ FMWORLD AGRICULTURAL MACHINERY компаниясының индустриалдық аймақта шығарылатын ауылшаруашылық техникалары көрсетілді.

Жұмыс сапары аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Dala Glass әйнек өндіретін кәсіпорнына барды. Зауыт биыл жазда іске қосылған. Жобаға салынған инвестиция 1 миллиард теңгені құрайды. Кәсіпорын жылына 500 мың шаршы метр әйнек шығаруды жоспарлап отыр. Бүгінде аталған нысанда 50 адам жұмыс істейді. Мемлекет басшысы кәсіпорын қызметкерлерімен әңгімелесіп, олардың еңбегіне табыс тіледі.

Ал Тараздағы мамандандырылған әскери мектеп-интернатқа барған Президент оқу кабинеттері мен спортзалын аралап көрді. Мекемеде 180 бала білім алып, интернатта тұратыны жөнінде баяндалды. Мектеп жасөспірімдерге білім беріп, тегін тамақтандырады әрі тұрғынжаймен қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламасы 7-11-сыныптарға арналған.

Білім ошағының негізгі мақсаты — келешектегі Отан қорғаушыларды даярлау, оларға әскери-патриоттық тәрбие беру. Әскери интернатта курсанттар сабақтан тыс уақытта роботты техника, дронды басқару, жасанды интеллект үйірмелеріне қатысады. Болашақ әскери қызметшілерге ағылшын тілі тереңдетіп оқытылады. Қасым-Жомарт Тоқаев оқушылармен әңгімелесіп, мемлекет тарапынан әскери білім беру жүйесін дамытуға ерекше назар аударылып отырғанын атап өтті. Исшара соңында Мемлекет басшысы білім ошағына Бауыржан Момышұлының портретін және елімізде құрастырылған мектеп автобусын сыйға тартты.

Сонымен қатар Президент жүректі радиожилік пен криоабляция тәсілдерімен және жүрек соғысының бұзылуын жедел емдеуге маманданған медициналық мекемеге барды. Мемлекет басшысына клиниканың кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек, соның ішінде жоғары технологиялық араласу арқылы дәрігерлік жәрдемнің толық спектрін көрсете алатыны жөнінде баяндалды. Мекеме бір ауысымда 150 адамға дейін қабылдай алады. Сондай-ақ 47 орындық стационар бар. Өңірдегі бірегей орталық саналатын мекемеге құйылған жалпы инвестиция көлемі 2,5 миллиард теңгені құрады.

СЕНАТ



ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД МӘСЕЛЕСІ АЙТЫЛДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бір топ депутатпен бірге Астанадағы әлеуметтік нысандар – «Қамқорлық» ерте араласу және психоәлеуметтік оңалту орталықтарының қызметімен танысты. Мекеме ұжымдарымен кездесуде мүгедектігі бар балаларды оңалту, оларға қызмет көрсету және ортаға бейімдеу шараларын жетілдіру ісіне қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Іс-шара барысында Мәулен Әшімбаев азаматтардың денсаулығын сақтау мемлекеттің басым бағыттарының бірі саналатынын және осы салада жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті. Ол аталған саланың аса маңызды екенін айтып, бұл бағыттың адам капиталына, әлеуметтік тұрақтылыққа, өмір сапасына және елдің жалпы экономикалық дамуына тигізетін әсеріне назар аударды.

Кездесуде мемлекет қабылдаған кешенді шараларға қарамастан, барлық мүдделі тараптың бірлескен күш-жігерін қажет ететін проблемалар бар екені сөз болды. Олардың қатарында созылмалы күйзеліс пен тәуелділіктің салдары, суицид, әсіресе ауылдық жерлердегі маман тапшылығы, емдеу мен көмек көрсетудің ескірген хаттамалары сияқты мәселелер өте өзекті. Мұндай жағдай кейде стигматизацияны күшейтіп, пациенттердің денсаулығына қауіп төндіруі де мүмкін.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұлт денсаулығы елдің басты байлығы екенін үнемі айтып келеді. Бүгінде денсаулық сақтау жүйесін дамытуға және дәрігерлерді қолдауға қатысты кешенді реформалар жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен, қазір кадр тапшылығына байланысты денсаулық сақтау жүйесі психологиялық және психиатриялық көмек саласында айтарлықтай мәселелер бар. Соңғы 20 жылда қабылданған шараларға және өлім-жітім деңгейінің біртіндеп төмендеуіне қарамастан, өкінішке қарай елдегі суицид көрсеткіші азаймай отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша, Қазақстанда суицидтен болатын өлім-жітім саны әлемдік орташа көрсеткіштерден асып түседі. Әсіресе, жастар арасында жиі кездеседі. Өз-өзіне қол жұмсау көбіне құмар ойындар мен есірткіге тәуелділіктен зардап шегетін адамдарда болады. Жасыратыны жоқ, лудомания үлкен әлеуметтік мәселеге айналды. Осы орайда халықтың қолжетімді психологиялық оңалту шаралары

туралы хабардар болуын қамтамасыз ету және қолданыстағы психологиялық қолдау шараларының тиімділігін арттыру ісінде мемлекеттік органдарға ерекше жауапкершілік жүктеледі», — деді Сенат Төрағасы.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, қажетті көмек пен емдеуді дұрыс ұйымдастыру үшін дәрігерлік және консультациялық тәсілдерді ажырату аса маңызды. Сондай-ақ диагностиканың нақты жүйесі болуға тиіс. Қолдауға жүгіну жауапсыз қалмай, дер кезінде қажетті шаралар қолға алынуы керек.

Сонымен қатар палата Спикері Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссияның денсаулық сақтау бағытында жүргізіп жатқан жұмысына тоқталып, Орталықтың қызметкерлері мен емделушілерін алдағы мерекемен құттықтады.

Айта кетейік, «Қамқорлық» ерте араласу орталығы 2022 жылы ашылды. Содан бері аталған нысан 3 айдан 3 жасқа дейінгі психоневрологиялық және ақыл-ой кемістігі бар балаларға амбулаториялық-емханалық оңалту көмегін көрсетіп келеді. Осы уақыт ішінде реабилитолог, невропатолог, логопед, дефектолог, психолог, емдік денешынықтыру және кәсіптік терапия мамандары 514 балаға кешенді оңалту шаралары бойынша қызмет көрсетті.

Психоәлеуметтік оңалту орталығында психикалық және мінез-құлық бұзылыстары бар адамдар үшін 7 емдеу-еңбек шеберханасы ұйымдастырылған. Атап айтқанда, тігін, колөнер, ағаш ұстасы шеберханалары және шағын баспахана мен өнер студиясы бар. Соның ішінде аутизм спектрінің бұзылуы, психо-сөйлеу дамуының кешігуі, гипербелсенділік және зейін жетіспеушілік белгісі бар балалар үшін күндізгі стационар жұмыс істейді.

МӘЖІЛІС



ҚЫРҒЫЗ ЕЛІМЕН ЖАСАЛҒАН КЕЛІСІМ ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі жобасы нақтыланды.

Депутаттарға 2006 жылғы 4 шілдеде жасалған Қырғыз Республикасының Ыстықкөл облысында орналасқан курорттық-рекреациялық шаруашылық объектілеріне Қазақстан Республикасының меншік құқығын реттеу туралы келісімді, сондай-ақ 2009 жылғы 1 желтоқсанда жасалған Ыстықкөл ауданындағы жер учаскелерін жалға беру туралы шартты және осы құжаттарға енгізілетін өзгерістер жөніндегі хаттамаларды қарау ұсынылады.

Тиісті шартқа сәйкес, қазақстандық тарап Қазақстанға тиесілі курорттық-рекреациялық шаруашылықтың төрт объектісі орналасқан жер учаскелерін 49 жыл мерзімге жалға алған. Келісімде

аталған объектілерді үш немесе төрт жылдызды қонақүйлер деңгейіне дейін жеткізу міндеттемелері қарастырылған. Үкімет қазақстандық тараптың міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуды, сондай-ақ инвесторларды тарту мүмкіндігін қарастыратын хаттамалардың жобасын мақұлдады.

Сонымен қатар жалпы отырыста депутаттар Құрылыс кодексіне, «Банктер және банк қызметі туралы» заңға, сондай-ақ цифрландыру, көлік, кәсіпкерлік, қаржы нарығын реттеу және дамыту, байланыс және банкроттық салаларындағы заңдарға Сенат енгізген түзетулерді талқылайды.

ПАТРИОТТЫҚ РУХ – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Қорғаныс министрлігі жанындағы Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесінің отырысына қатысты.

Жиында Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов, сондай-ақ Абай және Қостанай облыстарының әкімдері баяндама жасады. Іс-шара барысында Мемлекет басшысының әскери-патриоттық тәрбие саласындағы бастамаларын тиімді жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Ерлан Қарин желтоқсан айының басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарулы күштердегі, басқа да құрылымдардағы әскери және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөнінде жиын өткізгенін айтты. Оның қорытындысына сәйкес, Президент заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, әскердегі тәрбие жұмысын жетілдіруге қатысты нақты тапсырмалар бергеніне назар аударды. Осыған байланысты Мемлекеттік кеңесші әскери-патриоттық тәрбие саласындағы негізгі басымдықтарды айқындап берді. Атап айтқанда, әскери-пат-

риоттық тәрбие жұмысына жалпыұлттық құндылықтарды енгізу, жастарды әскер қатарына шақырудың формасы мен тәсілдерін жаңғырту, Қорғаныс министрлігі мен қоғам арасында тиімді коммуникация арналарын қалыптастыру, орталық және жергілікті атқарушы органдардың бірыңғай іс-қимыл жоспарын әзірлеу, ардагер ұйымдарымен өзара тиімді әрекет ету, әскери оқу орындары мен жастар қозғалыстарының әлеуетін нығайту, 2026 жылы өтетін «Айбын» әскери-патриоттық жиынын мазмұнды ұйымдастыру секілді басым бағыттарды ескеру маңызды.

Үйлестіру кеңесінің қорытындысы бойынша, Ерлан Қарин мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ әскери-патриоттық тәрбие саласындағы жұмыс тәсілдерін жетілдіруге жауапкершілікпен қарау керек екенін ескертті.

Тілек ҚАБЫЛ

БАҒДАР

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

«АМАНАТ»: ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері осы жылы атқарылған жұмысты қорытындылап, алдағы уақытта қолға алынатын негізгі мақсат-міндеттерді талқылады. Депутаттар Мемлекет басшысының тапсырмалары, сондай-ақ Президент пен партияның сайлауалды бағдарламалары сапалы әрі уақытылы орындалып жатқанын ерекше атап өтті. Сонымен қатар заң шығару қызметінің нәтижелері сараланып, алдағы кезеңдегі негізгі міндеттер айқындалды және сайлаушылармен кездесу үшін депутаттардың өңірлік сапарларына дайындығы пысықталды.

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың айтуынша, қазір елімізде тарихи өзгерістер жүріп жатыр және партия осы үдерістердің алғы шебінде тұр. Биыл Президенттің қатысуымен алғаш рет ауыл әкімдерінің диалог-платформасы өткізіліп, онда ел дамуына қатысты маңызды мәселелер талқыланды. Бұл алаң — партия әлеуетінің және ел басшылығының оған деген жоғары сенімінің айқын көрсеткіші.

«Президент саясаты — партия жұмысының негізгі басымдығы. Сондықтан біз Мемлекет басшысының барлық Жолдауларын, реформалары мен бастамаларын қолдаймыз. Өйткені олардың

артында мемлекеттік мүдде, азаматтардың әл-ауқаты және еліміздің тұрақты дамуы тұр. Партия өз жұмысында осыны басшылыққа алады. Осы шақырылымда депутаттар бастамашылық еткен 98 заңның 88-ін партиямыздың мүшелері әзірледі. Бұл — Мәжілістегі бастамашыл заңдардың 90 пайызы «АМАНАТ» фракциясына тиесілі деген сөз. Осы жоғары қарқынды алдағы уақытта да сақтау қажет», — деді Ерлан Қошанов.

Сонымен қатар партия Төрағасы заң шығару процесі барысында фракция мүшелері 7 100-ден астам өзгерту мен түзету енгізгенін атап өтті. Олар 728 депутаттық сауал жолдады. Яғни,



осы шақырылымда Мәжіліс қабырғасында жолданған депутаттық сауалдардың жартысынан көбісі «АМАНАТ» фракциясының мүшелеріне тиесілі. Бұл сауалдардың барлығы азаматтарды толғандырған өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Ерлан Қошанов «Қарызсыз қоғам», «Ауыл аманаты», «Жер аманаты» және «Цифрлық қоғам» партиялық жобаларына ерекше назар аударды. Бүгінде осы жобалар белсенді түрде жүзеге асыры-

лып, миллиондаған азаматқа нақты қолдау көрсетіп отыр. Депутаттар бұл жобаларды жүйелі жүзеге асыру ісіне белсенді араласып, олардың мәні мен маңызын халыққа кеңінен түсіндіруге тиіс.

Сондай-ақ Мәжіліс Спикері ауыл әкімдерінің диалог-платформасында Президент айқындап берген негізді міндеттерді жүзеге асыру жұмысын жеделдетуді тапсырды. Атап айтқанда, аудан әкімдерін сайлау және IV

деңгейлі бюджеттерді жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу қажет екені атап өтілді. Бұл мәселелер «АМАНАТ» партиясының Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңесінде ашық әрі жан-жақты қаралуға тиіс. Сондай-ақ фракция шалғай аудандар мен шекаралық аумақтарды дамытуға арналған заңның тездетіп қабылдануын қамтамасыз етуі қажет. Бұл осы аудандардың тұрақты әрі кешенді әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жүйелі құжат болуы керек.

Жиын соңында партия Төрағасы парламентшілердің өңірлерге сапары алдында депутаттарға бірқатар міндет жүктеді. Келесі жылы қаңтар айында сайлаушылармен кездесулер басталады. Сапар барысында депутаттар өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралап, еңбек ұжымдарымен жүздесіп, азаматтарды жеке қабылдайды. Ерлан Қошанов бұл кездесулер жергілікті мәселелерді ашық талқылауға және қабылданған заңдардың мәнін халыққа түсіндіруге бағытталған мазмұнды диалог форматында өтуге тиіс екенін атап өтті.

КӨПШІЛІК ПАРТИЯНЫҢ КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНУДЕ

«АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек партияның Республикалық қоғамдық қабылдау алаңында азаматтарды қабылдады. Тұрғындар алимент өндіру, жер учаскесіне акт алу, құжат рәсімдеу және жаңа спорт секцияларын ашу сынды бірқатар мәселе бойынша жүгінді.

Астана қаласының тұрғыны Динара Қалдыбекова 10 жылдан астам уақыттан бері көмелетке толмаған екі баласына алимент өндіре алмай келеді. Сот шешімі шыққанына қарамастан, оның ұзақ уақыт бойы орындалмай отырғанын жеткізді. Бүгінде берешек сомасы шамамен 9 млн теңгені құрайды. Ал жеке сот орындаушы түрлі сылтаумен өтініш иесінен 100 мың теңге көлемінде заңсыз ақша талап етіп отыр.

Ал Жамбыл облыстық қан орталығының директоры Гулам Умаров кәсіподақтар базасында медицина қызметкерлеріне арналған тәулік бойы жұмыс істейтін бірыңғай заңгерлік колл-орталығын ашуды ұсынды. Осы орайда партияның Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек жуырда «АМАНАТ» партиясы мен Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғанын және оған сәйкес, бұл мәселе ұйым өкілдерімен де жан-жақты талқыланып отырғанын атап өтті.

Сонымен қатар этникалық казактарға — басқа елдердің азаматтарына Қазақстанда 10 жыл өмір сүруге және жұмыс істеуге құқық беретін «Ата жолы» картасын иеленген Швейцария азаматы, дәрігер Серік Тұрсын Қазақстанда Ультрадыбыстық зерттеу мектебін ашуға қолдау көрсетуді өтініді. Ал Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының тұрғыны Жанна Мустафа сактандыру компаниялары мен жеке



сот орындаушылары залалды өтемей отырғанына шағымданды. Астаналық Гүлзат Мәдібекова жер учаскесіне акт алу, құжат рәсімдеу мәселесімен жүгінді. Ержан Әмірханов Семей қаласында балалар грек-рим күресімен шұғылдана алатын жаңа зал қажет екенін жеткізді.

Бұл ретте бірқатар өтініш тиісті мемлекеттік органдарға жолданды. Кейбір мәселе бойынша нақты түсіндірме беріліп, құқықтық көмек көрсетілді.

Осы орайда «АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек тұрғындарды толғандырған түйткілдер назардан тыс қалмайтынын және осы қабылдауда көтерілген барлық мәселені жеке қадағалап отыратынын жеткізді.

«Бүгінгі қоғамдық қабылдауға келген азаматтар «АМАНАТ» партиясының қолдауы мен көмегіне сенім артып, өз өтініштілегімен жүгінді. Олар бұған дейін шешімін таппаған, қордаланған мәселелері бойынша бір-

қатар мекеменің табалдырығын тоздырып үлгерген еді. Партиямыз өз жұмысында осындай азаматтардың жағдайына айрықша мән береді. Себебі біз үшін азаматтардың әл-ауқатын арттыру, тұрмыс сапасын жақсарту және оларды толғандырған мәселелердің нақты шешімін табуына ықпал ету — негізгі басымдықтың бірі. Партия бұл өтініштердің орындалуын бақылауда ұстайды», — деді Дәулет Кәрібек.

Еске сала кетейік, биыл 11 айда «АМАНАТ» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 112,3 мың өтініш келіп түсіп, оның 58%-ы оң шешімін тапты. Қалған мәселелер бойынша түсініктеме берілді. Сондай-ақ шалғай елді мекендерде 2 146 мобильді қоғамдық қабылдау өткізіліп, 2 440 ауыл қамтылды. Нәтижесінде, тұрғындардан 15,7 мың өтініш қабылданып, оның 48%-ы оң шешімін тапса, 49%-ы бойынша түсініктеме берілді. Қалған 3%-ы бойынша жұмыс жүріп жатыр.

ТӘРБИЕЛІК МӘНІ БАР БАСТАМА ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

Шымкент қаласында «АМАНАТ» партиясы қалалық филиалының бастамасымен кезекті «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өтті. Қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталған тазалық шарасына партияның қалалық және аудандық филиал қызметкерлері, «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілдері, коммуналдық сала мамандары мен белсенді қала тұрғындары қатысты. Жалпы саны 30-ға жуық адам жұмылдырылды.

Бұл жолғы акция Абай ауданында ұйымдастырылып, қатысушылар көпқабатты тұрғын үйлердің ауласы мен тұрғындар жиі жиналатын қоғамдық кеңістіктерді қоқыстан тазалады. Бірлескен еңбек нәтижесінде аумақтың көркі кіріп, тазалық деңгейі артты.

Іс-шара барысында «АМАНАТ» партиясы Абай аудандық филиалының атқарушы хатшысы Әбдес Рахманұлы экологиялық жауапкершілікті арттырудың маңызын атап өтті. Оның айтуынша, «Таза бейсенбі» — тек бір күндік тазалау жұмысы емес, тұрғындарды қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға үндейтін тәрбиелік мәні бар бастама.

Айта кету керек, жыл басынан бері бұл акция 52 рет өткізілген. Осы кезеңде 4 мыңнан астам адам

қатысып, қала аумағынан шамамен 49 тонна тұрмыстық қалдық шығарылды. Сонымен қатар алдыңғы шаралар барысында аллеялар мен гүлзарлар абаттандырылып, ағаш пен гүл көшеттері отырғызылды. Қыс мезгілінде жоба аясында қоғамдық орындарды қардан тазалау және тайпақтың алдын алу мақсатында құм себу жұмысы да жоспарланған.

«Таза бейсенбі» экологиялық акциясы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясында өткізіледі. Жобаның негізгі мақсаты — экологиялық мәдениетті қалыптастыру, азаматтардың туған жерге деген жанашырлығын арттыру және қоғамда жауапкершілік құндылықтарын нығайту.



Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ТЫНЫС

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

Ауыл халқының табысын арттырып, өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық теңгерімді қамтамасыз ету – бүгінгі мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі. Осы мақсатта «AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға баса мән беріп отыр. Аталған құжатта кооперацияны дамыту және 350 мың жаңа жұмыс орнын ашу арқылы 1 миллион ауыл тұрғынының тұрмысын жақсарту міндеті қойылған. Бұл бағыттағы негізгі тетік – «Ауыл аманаты» жобасы.

«Ауыл аманаты» – ауылдағы кәсіпкерлікті қолдап, халықты жұмыспен қамтуға арналған кешенді жоба. Соңғы үш жылда бағдарлама аясында 19 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылып, 18 мың шағын несие берілген.

Қаржыландыру көлемі де жылдан жылға артып келеді. 2023 жылы жобаға 96 млрд теңге игерілсе, 2024 жылы 20 млрд теңге бөлініп, оның 13,1 млрд теңгесі нақты іске жұмсалды. Ал 2025 жылы бұл мақсатқа 50 млрд теңге қарастырылған.

Қаражат өңірлерге теңдей батылталды. Мәселен, Түркістан облысына – 7,4 млрд теңге, Батыс Қазақстан мен Қызылорда облыстарына – 5,5 млрд теңгеден, Жамбыл облысына – 5 млрд теңге, Ақтөбе облысына 4 млрд теңге бөлінді. Бұл ауыл экономикасын жандандыруға серпін берген маңызды қадам болды.

Алдағы үш жылда жобаға бөлінетін қаржы көлемі 450 млрд теңгеге жетпек. Оның ішінде, 2026 жылы – 100 млрд, 2027 жылы – 150 млрд, 2028 жылы 200 млрд теңге қарастырылып отыр.

Бағдарламаны жетілдіру мақсатында оның іске асу тетіктеріне де бірқатар өзгерістер енгізілді. Мәселен, 2023 жылы берілген шағын несиелердің 78 пайызы мал шаруашылығына тиесілі болған. Осыған байланысты несие мен лизинг ережелері қайта қаралып, бір салаға тиесілі қаржы үлесі 50 пайыздан аспауға тиіс деген шектеу енгізілді. Бұл егіншілік, өңдеу, қызмет көрсету сынды өзге салалардың дамуына жол ашты.

Сонымен қатар ауылдық елді мекендерге бірінші кезекте несие беру, ауыл шаруашылығы кооперативтері мен өнімді қайта өңдеу жобаларын басым қолдау тәртібі енгізілді. Бұл өзгерістер партия мен Үкіметтің бірлескен ауқымды талдау-сараптау жұмыстарының нәтижесінде қабылданды.

Бүгінге дейін экономикалық скрининг 2 295 ауылдық округті, 2,2 млн үй шаруашылығын және



«АУЫЛ АМАНАТЫ» – Берекелі тірліктің бастауы

8,2 млн-ға жуық адамды қамтыды. Нәтижесінде, тауарлық өнім өндіруге әлеуеті жоғары ауылдар анықталып, 600 млрд теңгеге жуық 12 мыңнан астам инвестициялық жобаның болжамы жасалды.

Зерттеу нәтижелері көптеген ауыл әкімдерінің өз аумағындағы экономикалық әлеуетті толық білмейтінін көрсетті. Осыған байланысты «AMANAT» партиясы «Әкімдер мектебі» жобасын ұсынып, бастама Мемлекет басшысының қолдауына ие болды.

Жоба аясында 2025 жылдың ақпан-мамыр айларында 1 800 ауыл әкімі, ал қыркүйек-желтоқсан аралығында 500-ден астам жаңадан сайланған әкім оқытудан өтті. Олар экономикалық скрининг жүргізу, кооперация құру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу мен өткізу жолдарын меңгерді. Әр әкім курс соңында өз ауылының даму бағдарламасын әзірлеп, қорғады.

«Ауыл аманаты» жобасы ауыл халқының табысын арттырып, тұрақты жұмыспен қамтудың тиімді құралына айналды.

Бағдарламаны жүзеге асырудың үш жылында 19 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылып, 18 мыңнан астам шағын несие бөлініп, бұл ауыл тұрғындарына жеке кәсібін жүргізуге, шаруа қожалығын кеңейтуге және отбасын тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Жоба Президенттік сайлау бағдарламасының ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі негізгі мақсатына қол жеткізуге тікелей ықпалын тигізеді. Әрі ауыл экономикасын әртараптандыруға және тар шеңберлі мамандандырудан аумақтардың дамуының кешенді түріне көшуіне жол ашады.

Скрининг нәтижелері бойынша ауылдық елді мекендерге бірінші кезектегі шағын несие бе-

руді, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтері мен өнімді қайта өңдеу жобаларын жеңілдетілген қолдауды қамтамасыз ететін шағын несиелеу тетігі жаңартылды.

Бұл ауыл шаруашылығының әртүрлі салалары арасында қаражатты бөлуді теңестіруге мүмкіндік тудырды. Нәтижесінде, агроэкономика сыртқы тәуекелдерге

төзімдірек және қосымша құн жасауға бағытталған.

«AMANAT» партиясының бастамасымен Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне ауданның даму жоспары енгізіліп, нақты әлеуметтік-экономикалық нәтижелерге әкімдіктердің жауапкершілігі артты.

Сонымен қатар 2024 жылы партияның экономикалық скри-

нинг, кооперация және басқарушы кадрларды әзірлеу бойынша ұсыныстарын қамтитын Өңірлерді дамытудың жаңа тұжырымдамасы қабылданды.

Үкімет жанындағы Өңірлерді дамыту жобалық кеңсесінің жұмысы аясында партияның тұжырымдамалық бастамалары Өңірлерді дамытудың тұжырымдамасына экономикалық скрининг, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту және «Әкімдер мектебі» тұрғысынан енгізілді. Бұл аймақтардың жан-жақты экономикалық ілгерлеуіне және халық табысының нақты артуына ықпал етеді.

Қабылданған шаралар Мемлекет басшысының кооперацияға тарту және 350 мың жұмыс орнын құру есебінен 1 млн ауыл тұрғындарының табысын арттыруды көздеген «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін» сайлауалды бағдарламасының негізгі мақсаттарының біріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Әкімдер мектебі» жобасы аясындағы оқыту барысында әкімдер өз округтерінің әлеуетін бағалау, кооперацияны дамыту және нақты кірісті экономикалық жобаларды іске қосуға, салық базасын арттыруға және жергілікті жерлерде жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін өңдеуді қолдаудың практикалық құралдарына ие болады.

Қорыта айтқанда, «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға, табыстарын арттыруға және жергілікті экономиканы әртараптандыруға нақты үлес қосуда. Жобаның тиімділігі әкімдердің біліктілігін арттыру және инвестициялық жобаларды іске қосу арқылы айқын көрініс табады. Елдің агроөнеркәсіптік секторын дамыту, кооперацияны кеңейту және жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы Президенттің сайлауалды бағдарламасында көзделген негізгі мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ә.САМАТҰЛЫ



ӨЗЕКТІ

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

Келесі жылы Президент тапсырмасымен жекешелендірудің үлкен толқыны басталады. Осы мақсатта жаңа мемлекеттік ұйым – Жекешелендіру жөніндегі ұлттық кеңсе құрылды. Жалпы, жаңа жылда жеке қолға қандай мемлекеттік активтер, кәсіпорын-компаниялар берілмек?

А Айхан ШӘРІП

ТРИЛЛИОН ТАБЫС ТҮСІРДІ

Кейінгі жылдары елде парадоксты жағдай қалыптасқаны құпия емес: бір жағынан, бұрынғы жылдары бекітілген кешенді жоспар аясында мемлекеттің мүлкін жеке секторға тапсыру үрдісі жалғасты. Екінші жағынан, «жекесіздендіру», яғни жеке компанияларға бұған дейін берілген мемлекеттік дүние-мүлікті қайтару үдерісі қарқын алды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, 2022 жылдан бастап арнайы құрылым – Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Оның қызметінің нәтижесінде қысқа мерзім ішінде ескі билік тұсында жеке құрылымдар бақылауына беріліп қойған активтер мен капитал, соның ішінде бюджеттік қаржылар мемлекеттік меншікке қайтарылды. Атап айтқанда, бүгінге дейін 17 АҚ мен ЖШС-ның акциялар пакеті мен оларға қатысу үлестері, Шығыс Қазақстан облысындағы ірі мүлтік кешен, 7 ғимарат, 162 теміржол мен құрылыс нысандары, 7 автомобиль және өзге де 2 мыңнан астам бірлік мүлік республикалық және коммуналдық меншікке оралыпты.

Бұдан бөлек, мемлекеттің мүлкін өз иелігіне көшіріп, одан қыруар пайда, күреп табыс тапқан олигархтар «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына 1 млрд теңге аударды. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына 100 млн доллар және 1,49 млрд теңге берілді. Қаржы министрі Мәди Такиевтің айтуынша, әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруда Арнаулы мемлекеттік қор (АМК) үлкен рөлге ие. Оған мемлекетке қайтарылған активтер есебінен 434,3 миллиард теңге түсіпті. Биыл бірінші жартыжылдық қорытындысында бұл сомдан 318,1 млрд теңгеге 406 әлеуметтік маңызы бар жоба қаржыландырылды. Арасында 230 сумен жабдықтау және су бұру желісіндегі, 162 денсаулық сақтау саласындағы, 10 білім саласындағы, 4 спорт саласындағы жобалар бар.

Сонымен бірге Үкімет Президенттің экономикадағы мемлекеттің үлесін төмендету және бәсекелестікті дамыту бағытында қойған міндетін де орындауы керек. Ол міндет қаншалықты жүзеге асты? Мәди Такиевтің мәліметі бойынша, жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары жалпы саны 638 объектіні қамтыды.

2025 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша 396 мемлекеттік



ЖАҢА ЖЫЛ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДЕН БАСТАЛАДЫ

нысан немесе 73%-ы жалпы сомасы 922,1 млрд теңгеге сатылды. Әрқайсысына шаққанда орта есеппен 2,3 млрд теңгеден келеді. Бизнес пен инвесторлар еш қызығушылық танытпаған 69 нысан қайта ұйымдастырылды, басқа мемлекеттік мекеменің қарауына берілді немесе таратылып, жойылды. Тағы 153 объект – сатылым алдындағы дайындықта, 20 объект – сатылымда. Ұлттық жекешелендіру офисімен бірлесе отырып, Кешенді жоспарға қосу үшін жана 475 объект әзірленді.

Өткен кезеңде ірі мемлекеттік компаниялар IPO/SPO-ға шығару арқылы үлесін сатты. Соның нәтижесінде мемлекетке қарасты бүкіл мұнай-газ кен орындарына иелік ететін «Қазмұнайгаз» АҚ – 153,9 млрд теңге, елдегі мемлекеттің бүкіл электр желілері мен энергетикалық жүйелерін басқаратын «KEGOC» АҚ – 22,6 млрд теңге, мемлекеттік әуе тасымалдаушысы «Эйр Астана» АҚ 10,6 млрд теңге табыс тауыпты.

КӘСІБИ ФУТБОЛДАН «АРЫЛУ» ТЕЗДЕТІЛМЕК

Биылғы жекешелендіру процесінде халықтың көз алдында жүріп, ел аузында болғаны – спорттық клубтардың жекенің қолына көшуі болды. Бұл іс әзірге аяқталған жоқ, тіпті ақпарат құралдары «сатылды» деп жариялаған, тараптар қол алысып, фотоға түскен кейбір жағдайда клубтың жаңа қожайынына толыққанды көшпегені анықталды. Сондықтан бұл тұрғыда қорытынды статистика жоқ.

Әйтсе де, жуырда Премьер-министр Олжас Бектенов Үкімет отырысын бұқаралық спортты дамыту жөніндегі Президент тапсырмаларын жүзеге асыру мәселелеріне арнап, сонда клубтарды сатып алған инвесторларға алғысын жеткізді. «Мемлекет бизнеске қолдау көрсетіп отыр. Сондықтан әлеуметтік және спорттық инфрақұрылымды дамыту бағытында жауапты қадамдар күтеміз. Футбол клубтарын жекешелендіру туралы Президент үндеуіне кәсіпкерлер үн қосып жатыр, оларға ризашылығымызды білдіреміз! Біз



Жекешелендірудің жаңа толқыны 3 кезеңмен жүзеге асырылады: I және басты кезең 2026 жылды қамтиды, II кезең 2027-2028 жылдарға, ал III кезең 2029-2030 жылдарға созылады.

кәсіпкой спорт үшін сапалы резерв құруымыз керек», – деді Үкімет жетекшісі.

Айта кету керек, Үкімет отырысының қорытындысында Премьер-министр Ақтөбе, Қарағанды, Түркістан, Жамбыл, Маңғыстау, Атырау облыстары мен Шымкент және Астана қалаларының әкімдеріне футбол клубтарын жекешелендіруге инвесторлар тарту жұмысын күшейтуді тапсырды. Бұлардың бәрі футбол, баскетбол, хоккей және басқа клубтарды жекеге табыстаса, жергілікті бюджеттердің иығынан үлкен ауыртпалық түсер еді.

КЕЛЕСІ ТОЛҚЫН НЕ ӘКЕЛМЕК?

Жекешелендірудің келесі толқындарынан да триллиондаған табыс түсуге тиіс. Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия 3 триллион теңгеден астам баланстық құны бар тағы 500-ге жуық мемлекеттік компанияны оңтайландыруды қолдады. Басты мақсат – мемлекеттік активтерді бәсекелі ортаға беру, экономиканың тиімділігін арттыру және жеке бизнесті дамыту үшін жағдай жасау. Бұдан бөлек, бәсекелес салалардағы мемлекеттік кәсіпорындар санының қайтадан өсуіне жол бермеу үшін нормативтік шарттар пысықталып, заңнама өзгертіліп жатыр. Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуына негіз болатын тұстар қысқартылады.

СТАНСА, ӘУЕЖАЙ, ҚОРҒАНЫС ЗАУЫТТАРЫ...

«Ең көп үлес коммуналдық қызметтер санатына тиесілі: тізімге барлығы 184 нысан кіріп отыр. Қатарында қалаларды жылумен жабдықтаушы кәсіпорындар, су арналары, өңірлік энергетика компаниялары және әртүрлі тазалау, абаттандыру, қоғалдандыру ұйымдары бар. Екінші орында – ірі қалалардан бастап, шағын аудандарға дейінгі бүкіл ветеринарлық стансалар: жалпы саны 145 және бәрі жекешелендіріледі. Жекешелендірудің жаңа жоспарда ұсынылған түрі – сатып алу немесе біріктіру», – деп хабарлады агенттік.

Үштікті көлік және логистика саласындағы компаниялар тұйықтады: әрбір әкімдік қаладағы жол қозғалысын және қоғамдық көлік тасымалын бақылауда ұстау, форс-мажор, ТЖ туғызбау үшін осы салада жеке компания құрып алатын тәжірибе кең таралған. Мысалы, Астанада әкімдіктің CTS компаниясы тіпті ЛРТ құрылысымен айналысты және бүгінде оны іске қосып жатыр. Әкімдерге мұндай кәсіпорындарымен қош айтысуына тура келмек. Әзірге жаңа жекешелендіру жоспары осы саладағы 46 компанияны жеке секторға беруді қарастырады.

Одан кейін мемлекет пен әкімдіктер меншігіндегі көңіл көтеру, қызмет көрсету кәсіпорындары орналасты: 38-і жекенің қолына тапсырылады. Ал мемлекет меншігінде қалып тұрған спорт объектілерінің, футбол және хоккей клубтарының 19-ын ғана жекешелендіру туралы шешім қабылданыпты. Қаншасы әрі қарай қалатыны нақтыланбады. Бір белгілісі, 2026 жылы жекешелендіру «қайшысына» ілігетін нысандар «пулына» кіргізілгендер сапында «Астана», «Шахтёр», «Атырау», «Каспий», «Ордабасы», «Тараз», «Тұран» футбол клубтары, «Қазақмыс», «Жетісу», «Сарыарқа» және «Бейбарыс-Атырау» хоккей клубтары аталды.

Сондай-ақ 20 өнеркәсіп кәсіпорны мен АӨК нысаны, жалпы саны 14 университет, колледж және басқа білім беру объектісі сатылуға тиіс. Жекешелендіруге шығарылатындардың ішінде екі МӨЗ – Атырау мұнай өңдеу зауыты, Павлодар мұнай-химия зауыты, сондай-ақ әскери техника шығаратын «Семей Инжиниринг» АҚ зауыты, Петропавл ауыр машина жасау зауыты, «Тау-Кен Алтын» алтын өңдеу зауыты және басқа да көптеген алпауыттар жетерлік.

Үкімет мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту бағытында бірнеше жылдан бері тоқтаусыз әрекет етіп жатыр. Бұған қатысты Президенттің саяси ерік-жігері, қойған міндеті бар. Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің дерегінше, жекешелендірудің алдыңғы толқыны мемлекеттің экономикадағы үлесін 14,2%-дан 13,7%-ға дейін азайтыпты. Жаңа жекешелендіру нақанының мақсаты – бұл көрсеткішті 2029 жылға қарай 13,2%-ға дейін кеміту. Кейбір дамыған елде мемлекеттің араласу үлесі 5% манайында ғана.

АЙМАҚ

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

Жаңа мәдени ортаны қалыптастыру жөніндегі міндеттерді іске асыруды 360 мәдени ұйымның желісі жүзеге асырады, оның ішінде 170 клубтық мекеме, 170 кітапхана, 6 мұражай, театр, концерттік ұйым, тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі мекеме, сондай-ақ рухани-ағартушылық қызмет атқаратын өзге де мәдениет ошақтары кіреді.

Мерейтойлық жыл аясында Шығыс Қазақстанда бұрын-соңды қолға алынбаған, жаңа форматтағы бірегей брендтік жобалар жүзеге асырылды. Сол бастамалардың ішінде табиғатпен үйлесім тапқан ең ауқымды шараның бірі алғаш рет ұйымдастырылған «Бұқтырма балықшысы-2025» фестивалі болды. Бұл ерекше мәдени жоба балық аулау дәстүрін ұлттық құндылықтармен сабақтастырып қана қоймай, экологиялық туризм мен белсенді демалысты дамытудағы жарқын үлгіге айналды. Фестивальға Қазақстанның түкпір-түкпірінен және шетелден келген қатысушылардың көптеп жиналуы Күршім мен Самар аудандарының туристік әлеуетін жаңа деңгейге көтеріп, өңірдің табиғи тартымдылығы мен мәдени беделін кеңінен танытты.

Жылдың ең ірі әрі маңызы зор мәдени оқиғасы ретінде Қатонқарағай ауданында өткен «Алтай — түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық музыкалық фестивалін ерекше атауға болады. Алтайдың асқақ төрінде өткен бұл ауқымды шара түркі халықтарының рухани тамырын тереңнен қозғап, ортақ тарихы мен мәдени бірлігін қайта жаңғыртты. Фестиваль Шығыс Қазақстанды түркі өркениетінің маңызды рухани-мәдени орталықтарының бір ретінде танытып, оның халықаралық беделін айқын көтерді.

Музыкалық қойылымдар, этно-ауылдар, ұлттық ойындар, ғылыми-мәдени кездесулер мен көрмелер фестиваль мазмұнын байытып, оны рухани мағынасы кең, мазмұны терең мәдени бренд деңгейіне жеткізді. Аталған фестиваль осыдан он екі жыл бұрын Қатонқарағай ауданының Берел ауылында бастау алған еді. Алғашқы кезеңдерінде археология мен тарихи мұраны насихаттауға басымдық берілсе, биыл шара түркітілдес елдердің рухани-мәдени бірлігіне, ұлттық өнері мен музыкасына, әдебиеті мен руханиятына жаңа серпін берді. Түркі халықтарының өнерпаздары мен мәдениет қайраткерлері Алтай құшағында бас қосып, ортақ мәдениет пен тарихтың терең тамырына қайта жан бітірді. Шара аясында музыкалық қойылымдармен қатар ұлттық салт-дәстүрлерді танытатын көрмелер, этноауылдар, ғылыми-мәдени кездесулер мен спорттық ойындар ұйымдастырылып, фестивалға кең тыныс, мазмұнды рухани сипат берді.

14 маусым күні Алтай төрінде «Алтайым — алтын бесігім» халықаралық ақындар айтысы өтті. Сахнада сөз сайысына түскен жүйріктердің жыр додасы екі кезең бойынша өрбіді. Ақтық сынға суырылып шыққан үздік жұптар көрменнің ықыласына бөленіп, бас жүлдені Қарағандының намысын қорғаған айтыскер Дидар Қами иеленді. Айтыс үзілістері кезінде көрермендер «Назқоңыр», «Дарабоз» вокалдық топтарының, сондай-ақ мәдениет пен өнер саласының танымал өкілдері қатысқан рухани мазмұны бай концерттік бағдарламаны тамашалады.

Төр Алтайдағы дүбірлі шара түркі халықтарының өнерін тоғыстырған салтанатты гала-концертпен жалғасын тапты. Гала сахнасына Қазақстанның белгілі өртістері — Ерлан Рысқали, Әмре, Қобыланды



Алтай ТӨРІНДЕГІ МӘДЕНИ СЕРПІЛІС

Биыл Шығыс Қазақстан облысы үшін рухани серпін мен мәдени өрлеудің символына айналған тарихи кезең болды. Өңірде жүзеге асқан кең ауқымды мәдени бастамалар, мазмұны терең, ауқымы кең әрі халықаралық деңгейде танылған брендтік шараларымен есте қалды. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Конституцияның 30 жылдығы, ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы, Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығы, Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы сынды айтулы даталар облыста өткізілген мәдени іс-шаралардың идеологиялық өзегін құрады.

Болат, «Музарт» және Абырға топтары, сондай-ақ Түркия, Татарстан, Өзбекстан, Саха, Қырғызстан, Алтай, Моңғолия, Түрікменстан, Әзербайжан және Тыва республикаларынан келген өнер жұлдыздары көтерілді. Бұл концерт Алтай даласын нағыз мәдениет пен өнердің ортақ үнін асқақтатқан бірегей алаңға айналдырды. Қорытынды есепке сәйкес, шараға қатысушылардың 80 пайыздан астамы өзге қалалар мен шетелдерден келген қонақтар болған. Бұл жайт ауданның қонақүй және туристік инфрақұрылымына айтарлықтай жүктеме түсіріп, өңір туризмінің жоғары сұранысқа ие екенін айқын көрсетті.

Облыс көлемінде жүзеге асқан «Туған жер — алтын бесігім» жобасы әр ауданның мәдени ерекшелігін, тарихи болмысын және шығармашылық әлеуетін танытатын брендтік алаңға айналды. Үш айға созылған бұл жоба жергілікті өнер ұжымдарының дамуына серпін беріп, өңір тұрғындарының туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырды.

мын арттыруға, жас ұрпақты рухани құндылықтарға баулуға бағытталған үлкен үлес. Өнерпаздардың шығармашылығы бұл жобаның мазмұнын тереңдетіп, көрермен үшін тағылымды да әсерлі мәдени алаңға айналдыруда.

Биыл 19 желтоқсан күні Шығыс Қазақстан облысында мәдени жобаның қорытындысы ретінде салтанатты гала-концерт ұйымдастырылды. Өңірдің түкпір-түкпірінен келген өнер ұжымдары мен көрермендер бас қосқан бұл кеш халыққа әсерлі мәдени бағдарлама ұсынып, шығармашылық еңбектің лайықты бағаланған сәтіне айналды.

Гала-концерт барысында облыстың аудан-қалалары арасында өткен мәдени жоба нәтижелері жарияланып, үздік деп танылған қатысушылар марапатталды. Қазылар алқасының шешімімен жобаның Бас жүлдесі Күршім ауданына табысталды. I орын Тарбағатай ауданына, II орын Ұлан ауданына, ал III орын Марқакөл ауданына берілді. Бұл нәтижелер

шаңғы кешенінде, сонымен қатар Өскемен қаласында ұйымдастырылып, түрлі жас санатындағы көрерменді қамтыды.

Фестиваль идеологиясы дәстүрлі жаңа жылдық кейіпкерлер — Аяз ата мен Ақшақар бейнесін заманауи сахналық өнер түрлерімен, интерактивті форматтармен және көрермендермен тікелей қарым-қатынаспен ұштастыруға негізделген. Фестиваль мейірімділік, мәдени әртүрлілік, шығармашылық еркіндік және ұрпақтар сабақтастығы сияқты құндылықтарды дәріптей отырып, әртүрлі жас және әлеуметтік топтарға түсінікті әрі жақын заманауи жаңа жыл мәдениетін қалыптастырады.

Әдеби және мәдени байланысты арттыру мақсатында биыл облыстық драма және оперетта театрының орыс труппасы сәуір айында Өзбекстанның Самарқан қаласына, қазақ труппасы Қырғызстанның Бішкек қаласына гастрольдік сапармен барып қайтты. Енді, шілде айында жастар труппасы Грузия еліне гастрольдік сапарға барып қайтты.

Ұжым Грузия мемлекеті, Озургети қаласында өткен V Халықаралық Н.Думбадзе атындағы театр фестиваліне автордың «ИТ» драмасымен қатысып, «Үздік интерпретация» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Сонымен қатар қыркүйек айында Алматы қаласында Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры ұйымдастырған Жас режиссерлер театр фестиваліне де «ИТ» спектаклімен қатысып, заманауи режиссура мен жаңа театр тілін ұсынды. Бұл фестивальда режиссер Абай Дәулетұлы «Ең үздік режиссер» атанып, 1,500.000 теңге көлеміндегі ақшалай сыйлыққа ие болды.

23-27 қыркүйек аралығында Ақтөбе қаласында Қазақстанның халық жазушысы Қ.Шанғытбаевтың 100 жылдығына арналған VII Халықаралық BALAUSA эксперименталдық спектакльдер фестивалінде жас көрермен театрының ұжымы А.Чехов пен Л.Толстойдың шығармалары негізінде қойылған «Чехов. Толстой. Абай. Шие. Война и мир» трагикомедиясы «Үздік қойылым» номинациясына ие болып, бас жүлдені жеңіп алды.

Облыстық филармонияның «Алтай» би ансамблі мен Тарбағатай ауданының «Барқытбел» этнофолклорлық ансамблі Қытай Халықаралық Республикасының Шаньси провинциясы, Тайюань қаласында ұйымдастырылған халықаралық «Ганнат» өнер фестивалінде бас жүлдені иеленуі оң ықпал етіп, өңірдің мәдени құндылықтарын халықаралық деңгейде танытты.

Қорыта айтқанда, Шығыс Қазақстан облысында күйелі түрде ұйымдастырылып келе жатқан мәдени іс-шаралар өңір тұрғындарының рухани байлығын арттыруға, білім көкжиегін кеңейтуге, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дәріптеуге және қоғамдағы әлеуметтік байланыстарды нығайтуға елеулі үлес қосып отыр. Аталған бастамалар халықтың мәдени өмірін жандандырып қана қоймай, өңірдің шығармашылық әлеуетін дамытуға, қоғамдық бірлікті күшейтуге бағытталған маңызды тетікке айналды. Бұл бағыттағы кешенді жұмыс пен ауқымды мәдени жобалардың барлығы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Н.Сақтағановтың тікелей қолдауы мен бастамасы нәтижесінде табысты жүзеге асырылуда.

Самат КАСЕНОВ,
Шығыс Қазақстан облысы
Мәдениет басқармасының басшысы



«Туған жер — алтын бесігім» жобасы — өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін кеңінен танытып, қала мен ауыл арасындағы байланысты нығайтатын маңызды жоба. Бұл жоба арқылы біз әр аудан мен қаланың мәдениет, спорт, білім, ауыл шаруашылығы саласындағы жетістіктерін көрсетіп, озық тәжірибесімен алмасуға мүмкіндік жасап отырмыз.

Ауылдық мәдениет пен спортты дамыту — жастарды тәрбиелеудің, саламатты өмір салтын қалыптастырудың және елді мекендердің өмір сапасын арттырудың негізгі бағыты. Осы орайда жергілікті бастамаларға қолдау көрсету — басты міндет. Жоба аясында ауыл шаруашылығы саласындағы үздік жетістіктер кеңінен насихатталып, жергілікті өнімдер қала тұрғындарына ұсынылуда. Бұл ауыл еңбеккерлерінің маңдай термен атқарған еңбегін дәріптеп қана қоймай, отандық өнімге деген сұранысты арттыруға мүмкіндік береді. Аталған бағыт Мемлекет басшысының отандық тауар өндірушілерді қолдау және еңбек адамын дәріптеу жөніндегі тапсырмаларымен толық үндес келеді. Сонымен қатар колөнер шеберлері мен шығармашылық өкілдерінің көрмесі ұлттық мәдениетімізді насихаттап, эстетикалық талғамды қалыптастыруға зор үлес қосуда.

Жобаның рухани өзегіне айналған өнерпаздар қауымына айрықша тоқталғым келеді. Әр жұма сайын сахна төрінде өнер көрсетіп, көрерменге рухани байлық сыйлап жүрген әншілерге, күйшілерге, бишілерге, шығармашылық ұжымдарға шынайы алғысымды білдіремін. Олардың еңбегі — ұлттық өнерді ұлықтап, халықтың мәдени тағ-

әр өңірдің мәдени әлеуетін, шығармашылық ізденісін және сахналық мәдениетін айқын көрсетті. Сонымен қатар өнер саласындағы ерекше жетістіктері мен тың бастамалары үшін бірқатар қатысушы арнайы номинациялар бойынша марапатталды. Бұл марапаттар әрбір ұжымның өзіндік ерекшелігін, шығармашылық ізденісін және көрерменмен байланысын айшықтады. Гала-концерт мәдени жобаның логикалық қорытындысы ғана емес, сонымен қатар өңірдегі шығармашылық ұжымдарды ынталандыратын, өнерге деген қызығушылықты арттыратын маңызды мәдени оқиғаға айналды. Сондай-ақ атадан мирас болған құсбегілік өнерін ұлықтайтын «Шығыс Салбурыны» халықаралық фестивалі 5 жыл өз жалғасын табуда.

Биыл фестивальға Моңғолия, Ресей, Венгрия, Қырғызстан, Испания және басқа да елден қонақтар мен қатысушылар жиналды. Жылдан-жылға ауқымы кеңейіп келе жатқан іс-шараның биылғысына қатысушы ретінде 140-тан астам бүркітші қатысты. Этноаланда 30-дан астам киіз үйден құралған этноауыл тігілді. Мұнда шеберлік сабақтары, колөнер көрмелері, сондай-ақ қазақтың салт-дәстүрлері көрсетілді: «Ашамайға мінгізу», «Беташар», «Тұсау кесу», «Қыркынан шығару», «Бесікке салу» және «Сырға салу».

Жыл соңында 19-20 желтоқсан күндері өткен «Аяз ата, Ақшақар-2025» халықаралық фестивалі өңірдің қысқы туризмін дамытуға, мәдени бастамаларды қолдауға және тұрғындар мен қонақтарға мерекелік көңіл күй сыйлауға бағытталды. Фестиваль Риддер қаласында, «Алтай Альпілері» тау-

ТАНЫМ

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

Жаңа жыл – миллиондаған адамды біріктіретін, үміт пен жаңаруды білдіретін ерекше мереке. Дегенмен әр ел бұл мейрамды өзінше қарсы алады. Бір жерде ол тыныштық пен рухани тазару кезеңі болса, енді бір мемлекетте думанды шоу мен таңғаларлық салт-дәстүрлерге толы. Әлемнің әр түкпірінде Жаңа жылды қалай қарсы алатынына бір көз жүгіртейік.

ЖАРЫҚ ПЕН МАГИЯҒА ТОЛЫ АЗИЯ ЕЛДЕРІ

Жапонияда Жаңа жыл – асығыстықтан арылып, ішкі тыныштыққа бет бұратын ерекше мезет. Түн ортасы ауа ғибадатханаларда қоңырау 108 рет баяу соғылады. Дзёя-но-канэ деп аталатын бұл көне дәстүр буддизм ілімінде адам бойындағы нәпсі, ашу, көреалмаушылық секілді кемшіліктен арылудың нышаны саналады. Әрбір қоңырау үні өткен жылмен қоштасып, жаңа үмітке жол ашады. Мереке қарсаңында жапондар үйлерін мұқият тазалап, жаман энергиядан арылуға тырысады. Жаңа жылдық нэнгадзё ашық хаттары алдын ала әзірленіп, дәл 1 қаңтар күні адресаттарына жетуге тиіс. Үйлер қарағай мен бамбук бұтақтарымен безендіріліп, ұзақ ғұмыр мен бақ-берекені меңзейді. Ал мерекелік дастарқанның басты сәні – моти. Бұл тағам жапон халқы үшін төзім мен қуаттың символы болып саналады екен.

Қытайда Жаңа жыл Ай күнтізбесіне сай тойланып, думанды мереке он бес күнге созылады. Бұл кезең Фонарьлар фестивалімен түйінделіп, түнгі аспанда мыңдаған жарық шам жанады. Қалалар қызыл шамдармен көмкеріліп, көшелерде айдаһар мүсіні қойылады. Мұның бәрі – бақ-береке мен молшылықтың нышаны.

Қытай халқы Жаңа жылды отшашусыз елестете алмайды. Аспанды жарып шыққан фейерверктер ежелгі сенім бойынша жын-перілерді үркітіп, жамандық атаулыны алыстатады деп есептеледі. Ал мерекелік дастарқанның басты тағамы – алтын құймасына ұқсайтын тұшпара. Ол келер жылдың байлық пен ырысқа толы болсын деген ізгі тілектің белгісі.

Үндістанда Жаңа жыл әртүрлі күнтізбе бойынша тойланады. Ең кең ауқымды мереке Гоа штатында өтеді. Бұл күні дауласуға, дөрекілік көрсетуге және қарыз сұрауға тыйым салынады. Халық үйлерін тазалап, ескі заттарды тастайды. Кейбір аймақтарда әйелдер сәттілік үшін қынамен өрнек салады. Үйлерде шыршаның орнына

манго немесе пальма ағашы безендіріледі.

ДӘСТҮРЛІ ДӘРШТЕГЕН ЕУРОПА ЕЛДЕРІ

Испанияда 31 желтоқсан түні Мадридтегі Пуэрта-дель-Соль алаңы мерекенің орталығына айналады. Қоңырау үнімен 12 жүзім жеу әр жылғы дәстүр саналып кеткен. Өйткені 12 жүзім жылдың әр айы сәтті болсын деген ырым көрінеді. Сондай-ақ испандықтар Жаңа жыл түні қызыл іш киім кию сәттілік әкеледі деп сенеді.



Италияда Жаңа жылды көшеде қарсы алады. Кей аймақтарда ескі заттарды терезеден лақтыру дәстүрі сақталған. Дастарқаннан жасымық үзілмейді. Себебі ол молшылықтың белгісі деп саналады екен.

Данияда Жаңа жыл түні ерекше әрі дабыралы дәстүрмен қарсы алынады. Дат халқы көршілерінің есігінің алдына жиналған ескі ыдыс-аяқты әдейі сындырып, жыл бойы жиналған сәтсіздікпен қоштасады. Ел сенімінде қанша сынық көп болса, келер жылдағы бақ-береке де соншалық мол болады. Сондықтан бұл түні тыныштық болмайды: петарда, отшашу мен күлкі араласқан шу айналы кернейді. Даттар үшін Жаңа жыл – дауыспен қарсы алынып, шаттықпен басталуға тиіс мереке.

Шоу мен экзотикаға толы Америкада Жаңа жылдық көңіл күй мүлде бөлек. Бұл жақта Нью-Йоркте Таймс-сквер алаңында әйгілі хрусталь шардың төмен түсу рәсімі өтеді. Миллиондаған адам бұл сәтті тікелей тамашалайды. Кей штаттарда



Жаңа жыл – күнтізбедегі күн ғана емес, әр халықтың мәдениеті мен дүниетанымын көрсететін ерекше құбылыс. Бір елде ол тыныштық пен тазару символы болса, екіншісінде думан мен шаттықтың мерекесі.

тарихи шеру мен тақырыптық кештер ұйымдастырылады.

Бразилияда Рио-де-Жанейро жағажайында мыңдаған адам ақ киім киіп, теңіздегі жеті толқыннан секіреді. Бұл – тілек тілеу рәсімі. Мереке Иеманжа су тәңіріне гүл ұсынумен және ауқымды отшашумен жалғасады.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ДЕМАЛЫС ҚАНША КҮНГЕ СОЗЫЛАДЫ?

Әлем халықтары Жаңа жылды әртүрлі дәстүрмен қарсы алса, мерекелік демалыс күнде-

рінің ұзақтығы да өзгеше. Бір рухани тазаруға уақыт бөлсе, енді бірі ұзақ каникулды отбасымен өткізуді жөн көреді. Осы орайда Қазақстанның көршілеріндегі жағдайға назар аудардық.

Әзербайжанда 31 желтоқсан – ресми демалыс күні. Бұл күн елде ғана емес, шетелдердегі әзербайжан диаспорасы көп шоғырланған өңірлерде Әзербайжандардың Ынтымақ күні ретінде атап өтіледі. Аталған мерекені 1991 жылы елдің сол кездегі көшбасшысы Гейдар Әлиев жариялаған.

Qafqazinfo.az мәліметінше, әзербайжандықтарды биыл ұзақ жаңажылдық каникул күтіп тұр. Алдын ала ақпарат бойынша 2025 жылғы 29, 30, 31 желтоқсан және 2026 жылғы 1, 2, 3, 4 қаңтар аралығы – барлығы 7 күн демалыс болып белгіленуі мүмкін.

Беларусьте демалыс күндері дәстүрлі түрде алдын ала жоспарланады. Елдің Еңбек министрлігі жұмыс күндерін көшіру кестесін бекітіп, халыққа қолайлы жағдай жасайды. 2025 жылдың соңында жұмыс күндері мынадай тәртіппен ауыстырылады: 26 желтоқсан (жұма) – 20 желтоқсанға (сенбі) көшіріледі. Нәтижесінде, 25-28 желтоқсан аралығы – төрт күн қатарынан демалыс болады. Католик Рождествосынан кейін бұл демалыс Жаңа жыл және православ Рождествосымен жалғасады. Ұйымдарға жұмыс ерекшелігін ескере отырып, кестені өз қалауынша өзгертуге де мүмкіндік берілген.

Ресейде жаңажылдық демалыс жыл сайын ерекше ұзақтығымен көзге түседі. Биыл да сол дәстүр жалғасып, ресейліктер 12 күн бойы демалады. Демалыс күндерін көшірудің нәтижесінде, 31 желтоқсаннан бастап 11 қаңтарға дейін жұмыс болмайды. Яғни, 1-9 қаңтар аралығындағы демалысқа 31 желтоқсан мен 10-11 қаңтар қосылған.

Айта кетейік, Ресейде мұндай ұзақ каникул 2013 жылдан бері қалыптасқан. Алғашында тек 1-2 қаңтар ғана демалыс болса, кейін халықтың сұранысына сай мерекелік күндер біртіндеп көбейтілген.

Қырғызстанда да Жаңа жыл қарсаңында жұмысшыларға жеңілдік жасалады. Елдің Еңбек министрлігі 31 желтоқсанда қызметкерлерді жұмыстан босатуға рұқсат берген. Бұл күні тек мемлекеттік органдар мен шұғыл қызметтер ғана жұмыс істейді.

Сонымен қатар 2026 жылғы 1-7 қаңтар аралығы ресми мерекелік демалыс күндері болып белгіленген. Мұндағы 1-6 қаңтар – жаңажылдық каникул, ал 7 қаңтар – православ Рождествосы. Осылайша, қырғызстандықтар 8 күнге дейін демала алады.

Жаңа жыл – күнтізбедегі күн ғана емес, әр халықтың мәдениеті мен дүниетанымын көрсететін ерекше құбылыс. Бір елде ол тыныштық пен тазару символы болса, екіншісінде думан мен шаттықтың мерекесі. Түрлі дәстүрге қарамастан, барлық халықты біріктіретін ортақ ниет бар, ол – жаңа жылды үмітпен, жақсылыққа сеніммен қарсы алу.

Әсет ҚАЛИ

ЖӘДІГЕР

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

Аяқталып келе жатқан жыл қазақтың мәдени мұраларын сақтау, оны таныту жөнінен олжалы болды деуге болатын сияқты. Жыл аяқталар тұста Үндістанның Нью-Дели қаласында өткен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитетінің 20-сессиясында «Киіз үйді жасау және қолдану дәстүрі» аталымын кеңейту туралы шешім қабылданды. Ал бұл тізімге «Киіз үй тігу» дәстүрі 2014 жылы енгізілген еді. Одан бері де «Қазақтың дәстүрлі домбырада күй ойнауы», «Қазақ күресі», «Асық ату ұлттық ойыны» қатарлы біраз дүние осынау тізімге енген. Ал бұлардың барлығы ұлтпен бірге жасасып келе жатқан, мәдениетіміздің ажырамас бөлшегі болып ғасырлардан ғасырларға жалғасқан мұралар.

Материалдық емес мәдени мұра — қоғамның мәдени бірегейлігінің негізін құрайтын, ұрпақтан-ұрпаққа адам жады арқылы берілетін рухани, зияткерлік, адамгершілік-этикалық құндылықтар мен тәжірибелердің жиынтығы. Материалдық емес мәдени мұраның сақталуы мен ұрпаққа жалғастық табуы, заттық мұраға қарағанда аса күрделі болады. Мысалы, Материалдық емес мәдени мұраны сақтаушы негізгі нысан ол — адам. Егер материалдық емес мәдени мұраны ұстап отырған адам, яғни оны сақтаушы, мұрагер, шебер өмірден өтсе, оның ұстанып отырған мұрасы өзімен бірге өледі. Әлбетте, олар шәкірт, өнерін жалғастырушы мұрагер тәрбиелеген болса, сөз басқа. Дегенмен материалдық емес мәдени мұраның тікелей адам ғұмырымен байланысты болатын тұсы осында жатыр.

Қазіргі таңда Қазақстанның елді мекендерінде рухани мәдени мұраны сақтаушы егде жастағы адамдардың қатарының кемуіне байланысты, түрлі ұлттық құндылықтарымызға жойылу қаупі төніп тұр. Сондықтан Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерінің тізімі тәрізді материалдық емес мәдени мұралардың тізімі де жүйеленуі керек. Сонда ғана олардың нақты санын, қазіргі сақталу жағдайын, материалдық емес мәдени мұраның қандай түріне жоғалу қаупі төніп тұрғанын анықтауға болады.

Ұлт мұрасын сақтаушы адам екеніне тарихта дәлел жетеді. Айталық, XX ғасырдың ортасына дейін Қазақстанның ауылдық жерлері халқының көбі материалдық емес мәдени мұраның әртүрлі элементтерін сақтады. Мысалы, киіз басу, кілем тоқу тәрізді дәстүрлі қолөнермен шұғылданды, бүгінде бұл мұраларымызды сақтаушылар саусақпен санарлық қана қалды. Урбанизация процесінің қарқынды жүруіне, жастардың жаппай қалаға ағылуына, түрлі себеппен қолөнер бұйымдарына деген сұраныстың азаюына байланысты дәстүрлі қолөнерді жалғастырушылар саны едәуір кеміді. Қолөнер бұйымдарына деген сұраныс көп жағдайда шетелдік қонақтар тарапынан туындап отыр. Өткен ғасырдың аяғында бірегей қазақ кілемдерін шетелдіктер сатып алып, кейін сыртқа әкеткен. Бұрын мұндай кілемдерді әр үйдің төрінен кездестірсек, бүгінде оларды негізінен музейлерден ғана табуға болады. Қазақстанның, негізінен оңтүстік өңірлерінде сақталған дәстүрлі кілем тоқумен айналысатын әйелдердің жасы 60-70-тен асып кеткен. Олар өз өнерін келесі буынға үйретпесе, қазақтың кілем тоқу дәстүрі тек жылнамаларда ғана қалады деген сөз.

Тағы бір мысал айталық. Дәстүрлі музыкалық аспаптарда



ҰЛТ ҮШІН РУХАНИ МҰРАНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

ән, күй орындау қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасының маңызды бір саласы саналады. Қазақстан аумағында бірнеше күйшілік мектептің бар екені белгілі. Ғалымдардың айтуынша, бұрын түрлі себепке байланысты күйшілік мектептердің жойылып кеткен жағдайлары болған. Бүгінде Қазақстанда дәстүрлі күйшілік мектептердің бірді-екілі өкілдері ғана қалған. Мысалы, Арқа күйшілік мектебінің өкілі Қалкен Қасымов, Маңғыстау күйшілік мектебінің өкілі Әзірбай Өскенбаев пен Сержан Шәкіратов және тағы басқалары. Ал мұндай тұлғалар өмірден озса ел ішіндегі күйшілік мектеп те тоқырайды деген сөз. Рас, консерваторияда бұл мектептердің бағыттары зерттеледі, оқытылады, бірақ олар ел ішіндегі құймақұлақ күйшілер емес, кәсіби мамандар.

Жалпы, материалдық емес мәдени мұраның ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін барынша арттыру маңызды. Қазақтың ұлт болып ұйысып, ел болып ірге кеңейтуіне бірден-бір қызмет ететін тетік, сан ғасырлар бойы бабаларымыздың жады арқылы жеткен осы мұра күнделікті өмірде сақталып қалуы керек. Ол үшін рухани мәдени мұра элементтері мен оларды сақтаушылар туралы мәліметтерді қорғау, зерттеу, танымал ету жұмысын Халықаралық конвенция мен ЮНЕСКО-ның талаптарына сай жүйелі жүргізу қажет.

2003 жылғы 17 қазанда Парижде жасалған «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» конвенцияны Қазақстан Республикасының Үкіметі 2011

мәдени мұраны қорғау туралы арнайы заң қабылдап, мемлекет халықтың мәдени мұрасын сақтау бағдарламасын іске асыра бастады. Көптеген мұрагер мемлекеттің қаржылық қолдауы, заңнаманы жетілдіру және басқа да әдістер арқылы материалдық емес мәдени мұраны аса жоғары деңгейде сақтап отырғаны байқалады.

Материалдық емес мәдени мұра заңын қабылдаған ТМД елдері қатарына Әзербайжан, Армения, Қырғызстан, Молдова және Түрікменстан кіреді. ТМДға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы 2013 жылы «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» заң қабылдады.

2024 жылы Өзбекстанда «Материалдық емес мәдени мұраны қорғауды, ғылыми зерттеуді және насихаттауды дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы» президенттің жарлығы қабылданды. 2024 жылы материалдық емес мәдени мұраны сақтаушыларға ай сайын 5 миллион сом төленеді.

Халықаралық конвенцияда материалдық емес мәдени мұра бірнеше салада көрініс тапқан. Атап айтқанда, материалдық емес мәдени мұраның

тасымалдаушысы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары, орындаушылық өнер (ән, күй, жыр, жоқтау, сынсу, қараөлен, жарапазан, жұмбақ-жаңылтпаштар, тақпақ, бата, бәдік-күләпсан), әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар қарастырылады. Сонымен бірге табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптарда,



дамыту жөніндегі тұжырымдама қабылданғанымен, ол жай қағаз жүзінде қалғанын ашық айтуымыз керек.

Шетелдік тәжірибені ескерсек, Еуропада, атап айтқанда, Ұлыбританияда, Францияда және Германияда материалдық емес мәдени мұраларды қорғау, ең алдымен үкіметтің басшылығымен қаржылық қолдау арқылы жүзеге асады, ал АҚШ-та федералды үкімет штаттарды, кәсіпорындарды, мекемелерді және жалпы жұртшылықты заңнама мен үкімет арқылы материалдық емес мәдени мұраны қорғауға шақырады. Қытай 2011 жылдан бастап материалдық емес

дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар да материалдық емес мәдени мұралар қатарына кіреді.

Қазақстан — Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Еліміздің өткені мен бүгіні, болашағы рухани мұрамызбен тікелей тамырлас екені даусыз. Біз болашаққа сеніммен қадам басуымыз үшін, төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, рухани мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет.

Қазақстанның «Материалдық емес мәдени мұра туралы» заңын қабылдау материалдық емес мәдени мұра элементтерін сақтау,

пайдалану, танымал ету және мемлекеттік қорғау саласындағы қатынастарды реттеуге көмектеседі. Сондай-ақ әрбір Қазақстан азаматының мәдени құндылықтарға қол жеткізуге конституциялық құқығын және әрқайсысының материалдық емес мәдени мұраны сақтауға қамқорлық жасау конституциялық міндетін іске асыруға, халықтар мен өзге де этникалық қауымдастықтардың өздерінің мәдени-ұлттық ерекшеліктерін сақтауға құқықтарын іске асыруға бағытталған.

Соңғы жылдары бірнеше облыс материалдық емес мәдени мұраның келешек ұрпақ үшін маңызын түсініп, рухани мұраларды және оларды сақтаушы мұрагерлерді қорғау, қолдау мақсатында жемісті жұмыс істеуде. Мысалы, Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстары осы сала бойынша арнайы жоба жариялап, кешенді түгендеу экспедицияларын ұйымдастырды.

Ақтөбе облысы әкімінің тікелей қолдауымен өтетін «Сыбаға» фестивалі — жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызы зор мәдени іс-шара. Бұл Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының бірнеше бағытын жалпы халыққа және жас ұрпаққа насихаттауға бағытталған.

«Сыбаға» фестивалінің негізгі мақсаты — қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, қонақжайлылық дәстүрін, ас беру мәдениетін, ұлттық тағам түрлерін және этнографиялық мұраны кеңінен таныту. 2025 жылдың 4-6 желтоқсаны аралығында осы «Сыбаға» фестивалі Ақтөбе қаласында өте жоғары деңгейде өтті. Материалдық емес мәдени мұраның «ұлттық тағам», «ұлттық киім», «ұлттық өнер», «ұлттық қолөнер» қатарлы төрт бағыты бойынша облыс көлеміндегі мұраны сақтаушы жекелеген мұрагерлер мен қоғамдастықтарды тарта отырып, 3 күн бойы Ақтөбе жұртына аталған құндылықтар бойынша шеберлік сыныптар дәріс түрінде өткізілді. Бұл облыс орталығындағы білім және мәдениет саласы қызметкерлерінің материалдық емес мәдени құндылықтарды практикалық деңгейде насихаттауына зор мүмкіндік береді деуге болады. Фестивальдың бірінші күні — «Тағылым»; екінші күні — «Дәстүрлер жаңғырығы»; үшінші күні «Салбурын» атауымен белгіленген. Тағы бір маңызды шара 4-6 желтоқсан күндері ауыл-аймақтарда қазақ дәстүрі бойынша соғымның сыбағасы таратылып, адамдар арасында бір-біріне деген құрмет көрсетілді.

«Сыбаға-2025» фестивалінің «Тағылым», «Дәстүрлер жаңғырығы», «Салбурын» тақырыбындағы шаралары ұлттық өнердің кең тынысын көрсетіп, дәстүр мен жанашылдықты үйлестірген материалдық емес мәдени мұраның бірнеше саласын жас ұрпаққа насихаттауда, толыққанды мәдени іс-шара ретінде жоғары бағаланды.

Ардаби МАУЛЕТ,

Ұлттық музей Мәдени-мұраны ғылыми-зерттеу институты қазақтың дәстүрлі мәдениеті бөлімінің жетекшісі

ЖАНСАРАЙ

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

Жұмабай Шаштайұлы туралы өткен шақпен естелік жазу ауыр. Қаламгер қазақ әдебиетінің көркем ой көкжиегін кеңейткен, сөздің салмағы мен сезімнің тереңін қатар ұстай білген жан еді. Көркем сөздің кестесін ғана кестелеп қойған жоқ, қазақ журналистикасының да тізгінін ұстап, публицистикаға да ерекше леп берді.



Жүректе жүрер

Гүлзина БЕКТАС

Жұмабай Шаштайұлы адам жанының иірімдерін, тағдыр мен уақыттың тайталасын ұлттық болмыстың нәзік қырларын шынайы да шымыр бейнеледі. Оның прозасы мен публицистикасында жасандылық жоқ, өмірдің өзінен алған кейіпкерлері бар және жазушының ішкі жан дүниесін көрсететін шынайы болмысы бар.

«БАУЫРМАЛ ЕДІ ЖҰМАБАЙ»

Астанадағы академиялық кітапханада жазушының 75 жылдығына орай төрт томдық шығармалар жинағының тұсаукесері өтті. Тұсаукесерге қаламгердің үзегілес достары, әріптестері, шәкірттері жиналды. Жұмабай Шаштайұлы туралы әдемі естеліктер, сәулелі сәттері туралы толғаныстар шергілді. Жазушының ешкімге ұқсамайтын мінезі, адамгершілік келбеті, ұстаздық қыры туралы толғанды жиылған қауым.

Кештің тізгінін ұстаған белгілі ғалым, профессор Айгүл Исмакова аға-досы туралы ойларын ортаға салды.

«Өмірде бірін-бірі бауырлықпен түсінетін шынайы достық болады. Бірақ достар көп болмайды. Менің жақын достарым оң қолымның саусақтарындай ғана. Бұлар — жаны таза, достыққа берік, адал адамдар. Солардың бірегейі — Жұмабай Шаштайұлы еді» дейді ғалым. Ол жазушыны аға-дос санғанын, өмірде өзіне ұстаз болғанын да жасырмады. Мәскеуде оқыған, орыстілді ғалымды қазақша жақындатқан да Жұмабай Шаштайұлы екенін айтады. Алғаш мақаласын «Жалын» журналына орыс тілінде апарды. Сонда күлімсіреп қана үн қатқан қаламгер Айгүл Исмакованы осылайша қазақы ортаға жақындатқанын өзі де байқамаған шығар. Ессесіне, жақсы дос, адал аға тапты.

«Бірер жылдан кейін мен істейтін Әдебиет теориясы бөліміне Гүлзия Пірәлі жұмысқа келді. Гүлзия Жұмабай екеуі кезінде «Лениншіл жаста» қызметтес болған екен. Бір-екі рет қонақта кездестік. Жұмабай Мәскеудегі әдеби орта туралы сұрады, олардың әдеби басылымдарындағы сол кездегі мықты сыншыларды оқытынына көзім жетті», — дейді

ЖҰМАБАЙ

А.Исмакова. Ғалым 1987 жылы институтқа жана басып болып келген Шерияздан Елеуеновтің бір ғылыми кеңесте жазықсыз сынға ұшыраған жас жазушы Жұмабай Шаштайұлы туралы айтқанын еске түсірді. Сол естелігінде жазушының «Қызыл қар» романы сол кездегі мемлекет басшысының ресми баяндамасында «коммунистік жетістігімізді сынап, дұрыс көрсетпеген шығарма» деп сынға ұшырапты. Кейін білгеніміздей, Д.Қонаев біреулер жазып берген сөзді оқып берген екен. Жұмабай Шаштайұлы туралы ғалым: «Ол өмір бойы жазушылық жолына қолдау білдіріп, батасын берген Рымғали Нұрғали мен Шерияздан Елеуеновті ұстаздары ретінде ерекше құрметтеп өтті. Өз айтуы бойынша, Қонаевтың баяндамасынан кейін жазушы репрессияға түскендей хал кешкен. Бұл оқиға жазушының кейінгі өмірінде де сақ болуына әсер етіпті» дейді.

Жұмыс бабымен Айгүл Исмакова Астанаға ауысқанда да бір-бірінен хабар үзбеген. Бірақ ғалымның айтуынша, кейінгі уақытта шығармашылық жұмысына байланысты хабар алмасу тоқтапты. «Наурыздың 12-сінде танертен сабаққа шығып бара жатқанда Болат Мүрсәлімнен қоңырау келді. Аға досымның дүниеден өткенін осылай естідім. Хабарды естігеннен кейін Жұмабайдың Алматыға ірі дәрігерлік ортаға жетпей, ауылда қалып қойғанына қатты өкінім» деді ол.

«БАҚЫТТЫ ЖАЗУШЫ»

Жазушы Қуаныш Жиенбай әңгімесін басқосудың ерекшелігінен бастады. Жазушы айтқан ерекшелік — Жұмабайдың сан қырлы қаламгерлік шеберлігі, туа бітті адамгершілік асыл қасиеті және ешкімге ұқсамайтын турашыл мінез-құлқы жайлы толағай ойлар бүкпесіз ортаға салынуы. «Жүкең ғайыптан тіріліп келгендей, баяғы емен-жарқын актарылып күлетін күлкісімен тура жанымызда отырғандай сезім құшағында отырдық...» дейді ол.

Жазушының естелігінен Шаштайұлы қайда жүрмесін ана сүтімен бойына дарыған таза-лыққа қылаудай кір жұқтырмаған жан, өзі басқарған жылдары газеттері елдің қошеметіне бөленген абыройлы азамат болғанын білдік. Бірақ өзі-өзіне көңілі толмай, өзімен-өзі іштей арпалысып жүретіндігін сырттай аңғарған сол жолдас-шәкірттері. Жұмабек Шаштайұлының осы қыры жазушы естелігінің «дәмін» келтірді.

Бір сыншы бауырымыздың Шаштайұлы шығармашылығына талдау жасағанда: «Оның кейіпкерлерінің қасы мен көзінің тірі организмге айналып, ойнақшып тұратындығын былай қойғанда, бетіндегі әжім іздеріне дейін үнемі қозғалыста болады» дегені бар еді. Соған бір мысал: «Атанның жанарының ұясынан ұйықтап жатқан жылан бас көтеріп алғандай кісі баласы сексенетін сұс сезілді».

«Қарауындағы кейбір жас журналистердің берген тапсырмасын тап-тұйнақтай орындаудың орнына, күлдібадам бір нәрсені домбаздап алдына тастай салғанына жүзі сұрланып, өзімен-өзі күйіп-пісіп отырған сәттерін де байқап жүретінбіз. «Жүке, осы саған не керек, осы да жүйке жұқартатын мәселе ме, одан «Қаламгерге» түсіп, аздап тамақ жібітейік» дегенімізге бастапқыда ынғай танытқанымен, бәрібір өз пайым-түсінігінің шеңберінен көпке дейін шыға алмай, өзімен-өзі «бұрқырап» жүретін. «Қазақ әдебиеті» мынадай мынадай қоғамдық мәселелер мен әдебиет төңірегіндегі проблемаларды барынша әділдікпен жазып жатыр...» деген көңілжықпас қыстырма сөзімізді жаратпағандай: «Біздің түбімізге өстіп өтірік мақтау жетіп жүр ғой» деп бір иығын қықпап еткізетін. Сонда менің есіме соғыстан бір қолын беріп, елге шолақ боп оралған «Аспан-қорадағы» Атан түсер еді. Атан — жазушы Жұмабай Шаштайұлының нағыз дер шағындағы шеберлігінен туған қазақ әдебиетіндегі келісті кейіпкер», — дейді Қуаныш Жиенбай.

Ол «Аспанқора» повесі талай-талай ауыздары дуалы әдебиетшілер

мен сыншылар қауымының басты объектісіне айналғанын айтып, кітап оқитын қауымның болашақта да көздеріне түсер деген үмітті аркалап жүргенін айтады. Әкесіне еріп, бір кезде өзі де мектеп бітірісімен қойшы болған Жұмабай Шаштайұлы малшылар өмірінің ұңғыл-шұңғылын қолмен ұстағандай жақсы біледі. Ал жазушылық шеберлігі өз жолына. Қуаныш Жиенбай Атан мен Ханымкүл арасындағы қарым-қатынас шым-шытырық оқиғаға тұздық болмаса да, жазушы осы бір линияны шыншылдықпен әрі шеберлікпен оқушысын сендіре білгенін айтып, шығарма туралы азды-көпті сөз қозғады. Айтуынша, «Қараторының әдемісі Ханымкүл қарақаттай тұнық, күлім көзі жайнаң қағып, кісінің ынтықтығын құртады», дегенмен Атанмен дәм-тұзы жарасып, ұзақ уақыт ерлі-зайыпты ғұмыр кеше алмайды. Атанның күні-түні жанын жеген бір уайымы бар, ол — кіндігінен туған баласының жоқтығы. Бұл — негізі әр пенденің басында болатын жайт, бірақ Атанның үнемі жүрегін жаралаған қайғы-шерін жан баласына айтпастан, дәп бір төрт құбыласы тең адамша өмір сүруге тырысып бағуы; онысын рабайда жалғыздан-жалғыз Аспан-қораның аспанмен иытасқан шыңдарына шыққан мезетте «шағымын» туған табиғатқа ақтара салуы да — шығармашыл адамның қолына сирек түсетін олжа. Кейін Атан бөтен бір отбасына пенде болған Ханымкүлдің бесік тербетіп отырғанын көргенде қызғаныштан ба, әлде бала туғыза алмаған өзінің осалдығына налығаны ма, әйтеуір, адам төзгісіз алапат сезімге берілуі есте ұзақ сақталатын штрих.

«Бір сыншы бауырымыздың Шаштайұлы шығармашылығына

гендей пейіл танытады. Қалам-қастың «аяғым ауыр, екіқабатпын» деген жүрекжарды ақырғы сөзін естігенде, Атанның қандай күйге түскендігін сезіну үшін, сірә, қырық беттен аспайтын шығарманы тағы бір оқып шығуға тура келер. Иә, Шаштайұлы шығармашылық әлеуетінде мұндай олжалар көп-ақ», — деп пайымдады ол.

«Аспанқораны» оқыған ұстазы Рымғали Нұрғалиев «Көп жазба, осындай он шығарма жазсаң жетеді» деп кенес беруінде біраз мән жатыр: шәкіртіне ризашылығын көп көптің көп жазудың мұратқа жеткізбейтіндігі.

Қуаныш Жиенбай бүгінде жұрт әдеби дүниені зейін қойып оқудан гөрі ауа жайылып, сан түрлі әлеуметтік желі, тик-ток дейтін «құбыжықтарға» мықтап әуес болып алғанына ашынатынын жеткізді. Сөйтіп, қаламгер туралы орамды ойларын қайта жалғастырып, оның бітім-болмысы туралы:

«Қайран Жүкең, Жұмаш, Жұмабай... біз оны үнемі еркелетіп, өзіміздің оған деген пейілімізді де осы еркеліктің аясына сыйғызып, осылай атағанды жөн көруші ек. Ол оған ешбір түзету жасамайтын. Рымғали көкесінің ескертпесіне құлай берілді ме, шындағында ол көптің көп жазған жоқ. Жазғандары мірдің оғындай болып шықты. «Жала мен нала», «Құралайдың салқыны», «Ұябұзар», «Қызыл қар», «Шал мен жылқы», «Жерге орналастырушы», «Қоңыр», «Өмір ертегісі», «Үй мен тұз»... т.б. Ал «Аяз би» романын оқу үшін кәдімгідей дайындық керек. Дүниесі жарыққа шыққан соң оқырман қалай қабылдады, ұнатты ма, ұнатпады ма деп толғаныста жүретін қаламгер қауымына тән «толғақ» Жұмабайды көп азапқа салмаған секілді. Уайым жесе де ішінде. Мұндайда атакты қытай жазушысы Мо Ян былай деуші еді ғой: «Оқығың келсе — оқырсын, оқығың келмесе өзің біл. Маған десе жер бетінде жалғыз ғана оқырман қалса да, мен бәрібір осылай жазамын... Шындығына келгенде, Шаштайұлының оқырмандарының да, іздеушілерінің де қарасы қалың. Ол бақытты жазушы деп айтқанымызға әріптестеріміз қарсы бола қоймас», — дейді Қ.Жиенбай.

P.S.

Қаламгер адам мен қоғам, ар мен жауапкершілік, өткен мен бүгін арасындағы байланыстарды табиғи өріммен әдемі жеткізе білді. Сондықтан да Жұмабай Шаштайұлының туындылары бір оқып қоя салатын дүние емес, қайта-қайта ойға оралатын, санада ұзақ сақталатын мәңгілік құндылық. Оның қалдырған көркем әлемі оқырманды ойландырып қана қоймай, адамдық болмысты терең танытуымен де құнды. Уақыт өтсе де мәнін жоймайтын Шаштайұлы шығармалары шығармаққа да рухани бағдар, әдеби өлшем бола беретіні сөзсіз.

МЕРЕЙ

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

Бір ғасырдан астам уақыт бұрын негізі қаланған Ұлттық кітапхана ең алғаш Алматы қаласындағы қоғамдық кітапхана ретінде жұмысын бастаған еді. Бүгінде бұл мекеме ұлттық жадыны жүйелеп, оны қазіргі оқырманға қолжетімді ететін кәсіби құрылымға айналды. Ғасырлар тоғысындағы осы бір миссияның үздіксіз орындалуы мамандардың көзге көріне бермейтін тынымсыз еңбегінің нәтижесінде жүзеге асып отыр.

ҒАСЫРМЕН

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

— Ұлттық кітапхана — ғасырлар бойы қалыптасқан рухани және мәдени қазынаның орталығы ретінде оқырманға қолжетімділік жағынан бұрынғыдан әлдеқайда ашық, заманауи форматқа көшті. Дәстүрлі түрде кітапхана қызметі ғимаратқа келетін оқырмандарға бағытталса да, қазіргі ақпараттық технологиялар кезеңінде ол физикалық кеңістікпен шектелмей, цифрлық алаңда да тиімді жұмыс істеп отыр. Мысалы, электрондық каталогтар, сандық көшірмелер, виртуалды шолу және деректерді жүктеу жүйелері арқылы кітапхананың бірегей қорына қол жеткізу мүмкіндігі артты, — деді Ұлттық кітапхана директоры Ғазиза Құдайберген.

Ерекше тоқталып өтерлік жайт, кітапханадағы сирек кітаптар мен қолжазбалар қорының цифрландырылуы. Қазірдің өзінде 65-70 пайыз сирек қор мұрасы сканерден өткен. Мұнда ортағасырлық қолжазбалар, алғашқы баспа өнімдері, қазақ зиялыларының жеке мұрағаттық материалдары, шетелдегі сирек кездесетін басылымдар сақталған. Ғазиза Құдайбергеннің сөзінше, бұл бағыттағы жұмыс жылдық және көпжылдық жоспарлар негізінде іске асырылады. Әрбір сирек кітап пен қолжазба құнды болғандықтан, олардың цифрлық нұсқасын дайындау барысында ғылыми сараптама, түпнұсқаның жағдайын бағалау, қауіпсіз сақтау нормалары қатаң түрде ескеріледі. Ал цифрланған материалдар электрондық каталогқа енгізіліп, халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген мәліметтер базасына түседі.

— Цифрландырудың маңызды нәтижесі — ұлттық мұраларымыздың халықаралық деңгейде танылуы. Әлемнің кез келген нүктесіндегі оқырман Қазақстанның мәдени құндылықтарына онлайн қол жеткізе алады. Бұл — рухани дипломатияның жаңа формасы, еліміздің ғылыми және мәдени беделін арттыратын үлкен мүмкіндік. Болашақта біз бұл үрдісті одан әрі күшейтіп, жаңа технологияларды енгізіп, электрондық платформалардың мүмкіндіктерін кеңейтуді жоспарлап отырмыз, — деді Ғ.Құдайберген.

КІТАПХАНАҒА КЕЛУШІЛЕРДІҢ 90 ПАЙЫЗЫ — ЖАСТАР

Қоғамда «қазіргі жастар кітап оқымайды» деген жаңсақ пікірдің бары жасырын емес. Десек те, Ұлттық кітапхананың қазіргі тәжірибесі бұл пікірді жокқа шығарады. Оны мынадай көрсеткіш-

ҮНДЕСКЕН
КІТАПХАНА

тен бағамдауға болады. Мәселен, қараша айындағы нәтижеге зер салсақ, Ұлттық кітапханаға бұл аралықта 122 979 адам келген. Ал оқырмандарға берілген құжаттар саны — 177 609. Бұл — өте жоғары әрі қуанарлық көрсеткіш. Ең маңыздысы, статистиканың басым бөлігін жастар иеленіп отыр.

— Иә, бұл пікірді жиі естиміз. Бірақ менің жеке тәжірибем мен біздің Ұлттық кітапхананың нақты деректері мұндай тұжырымның шындыққа жанаспайтынын дәлелдейді. Керісінше, бүгінгі жастардың рухани ізденісі, білімге деген талап-талғамы айрықша күшейгенін күн сайын көріп жүрміз. Кітапханаға келушілердің 90 пайызы — жастар. Бұл — ұрпақ санасындағы оң өзгерістің, оқу мәдениетінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Қазіргі жас буын кітапты ақпарат көзі ретінде ғана емес, өзін-өзі дамыту, ой-өрісін кеңейту, рухани тынысын ашу құралы ретінде қабылдай бастады. Әсіресе, цифрлық дәуірде түрлі ақпараттық алаң көбейгенімен, жастардың басым бөлігі сапалы білім мен терең мазмұнды тек кітаптан таба алатынын жақсы түсінеді, — деді Ұлттық кітапхана директоры.

Технологиялық прогрестің ықпалымен баяғы дәстүрлі кітапханашының бейнесі жаңаша кейіпте өзгере бастады. Осының нәтижесінде, қазіргі заманғы кітапханашының дағдылары заманауи сипатқа ие болды. Ғазиза Құдайбергеннің айтуынша, Ұлттық кітапхана бұл бағытта біршама стратегиялық жобаны жүзеге асыруды қолға алғаны. Соның бірі — кітапхана ісі ғылымы бойынша оқу-әдістемелік орталық құру. Бұл орталықта кітапханашылардың кәсіби деңгейін арттыруға арнал-

ған арнайы курстар ұйымдастырылады.

— Жаңа заман кітапханашысы — дәстүрлі білім мен тәжірибені сактай отырып, заманауи технологияларды, цифрлық платформаларды, электрондық деректер қорын тиімді пайдалана білетін кәсіби маман. Ол жасанды интеллекттің кітапхана ісіндегі рөлі мен мүмкіндіктерін түсініп, оқырманға қызмет көрсетудің жаңа жолдарын әзірлей білуі керек. Сондай-ақ ол әлемдік тәжірибелерді зерттеп, өз қызметінде қолдана алатын, стратегиялық ойлай білетін маман болуы шарт. Осы қасиеттер кітапхананың оқырманға қолжетімділігін арттырып, ұлттық мұра мен білімді заманауи форматта ұсынуға мүмкіндік береді. Келешекте заманауи білім беру технологиялары енгізу арқылы кітапханашылардың кәсіби әлеуетін арттыруға ұмтыламыз, — деді Ғ.Құдайберген.

Бүгінде Ұлттық кітапхананың ішкі өмірінде тіршілігі саябырсымайтын қызмет түрінің бірі — реставрация процесі. Мұнда келіп түскен материалдардың жағдайына қарай мамандар арнайы «диагноз» қояды. Реставрация бөлімінің жетекшісі Аида Мұратқызы кітапты немесе қолжазбаны реставрациялау уақыты сол құжаттың көлемі мен зақымдануына байланысты созылатынын айтады. Тіпті мұнда жылда қалпына келтіруді талап ететін материалдар бар. Мәселен, реставраторлар кейінгі екі жылда уақытын жер астынан, қап ішінен табылған кітаптар мен қолжазбаларды қалпына келтіруге арнап келеді.

— Кейбір реставрация жұмысы жылдар бойына созылуы мүмкін, өйткені реставрация процесінде дезинсекциялау және дезинфек-

циялау, биоцидпен өңдеу, құжаттың рН мөлшерін анықтау, дақтарды кетіру, түрлі химиялық заттардан пайда болған дақтарды кетіру, тозған парақтарды нығайту, кеуіп кеткен былғары түптеуді майлау, тазартылған суда жуу, қышқылдығын бейтараптандыру, сілтілік резерв жасау, классикалық беттерді, мұқаба қаптамаларды қалпына келтіру, кітап блоктарын өңдеу, бедерлеу, тігу және т.б. жұмыстар орындалады, — деді А.Мұратқызы.

Ұлттық кітапхананың тағы бір маңызды бөлімі — ақпараттық ресурстар қызметі. Рухани орданың күнделікті жұмыс процесіне «қан жүгіртіп отырған» бұл мамандар электронды каталогтар мен сандық қорларды үнемі жаңартып отырады. Осының арқасында оқырман еліміздің кез келген өңірінде жүріп-ақ қажетті ақпаратқа бір сәтте қол жеткізе алады. Ақпараттық ресурстар қызметінің жетекшісі Толқын Замзаева онлайн қызметтің сапасы мен жылдамдығын арттыруда біршама жанаңылдық енгізілгенін атап өтті. Оның мәліметінше, ең маңызды жанаңылдық — RFID технологиясының енгізілуі. Ол кітап алу мен қайтару уақытын бірнеше есе қысқартты. Екінші үлкен өзгеріс — онлайн каталог. Бұл пайдаланушыларға тәулік бойы үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз етеді, іздеу жылдамдығын арттырады және ақпаратты қауіпсіздікті күшейтеді. Осы тұста Толқын Замзаевадан онлайн каталогта ең көп ізделетін тақырыптар жөнінде сұрап көрді.

— Қазіргі кезде ең жиі сұралатын бағыттардың ішінде бірінші орында жасанды интеллект, бағдарламалау, цифрлық трансформация секілді IT саласына қатысты материалдар тұр. Екінші орында — педагогика мен психология. Мұғалімдер, студенттер, ата-аналар үшін бұл тақырып әрдайым өзекті. Үшінші бағыт — Қазақстан тарихы, этнография, мәдени мұра. Кейінгі жылдары ұлттық тарихқа қызығушылық айтарлықтай артты. Одан бөлек, әдебиет саласында оқырмандар қазақ классикасы, әлем әдебиетінің үздік шығармалары, сондай-ақ қазіргі бестселлерлерді жиі іздейді. Тіл үйрену бағытында ағылшын, түрік, қазақ тілдеріне арналған оқу құралдары танымал, — деді ол.

Толқын Замзаева процестің өзіндік қиындықтары бар екенін де жеткізді. Әсіресе, қор жыл сайын мыңдаған материалмен толығын отыратын кезеңде мамандарға артылар жауапкершілік жүгі де арта түседі.

— Материал көлемінің көп болуы, көптілігі басылымдар, аналитикалық сипаттамалардың күрделілігі, жаңа стандарттарға бейімделу, техникалық жүйе-

лердегі ақаулар, авторлық құқық шектеулері — мұның бәрі жұмысты баяулататын факторлар. Әсіресе, бір нөмірінде ондаған материал болатын газет-журналдарға аналитикалық сипаттама жасау көп уақытты қажет етеді, — деді Т.Замзаева.

40 МЫҢҒА ЖУЫҚ МАТЕРИАЛ САҚТАЛҒАН

Қазіргі уақытта Ұлттық кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында 40 мыңға жуық материал сақталған. Оның ішінде шамамен мыңға тарта жазба — көне дәуірлердің қолжазбалары. Бұл қор жыл сайын жаңа жәдігерлермен толықтырылып отырады. Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің жетекшісі Гүлшат Абиқова бүгінде осы бір құнды мұрағаттың оқырманға кедергісіз жетілуіне атсалысып келе жатқан маман. Оның айтуынша, кейінгі уақытта бұл бағытта айтарлықтай серпін байқалады.

— Биыл құрылған «Қазақстан қолжазбатанушылар қауымдастығының» алғашқы отырыстарының өзі үлкен рухани қозғалысқа себеп болды. Елдің түкпір-түкпірінен келген азаматтар өз әулетінде сақталған тарихи қолжазбаларды Ұлттық кітапханаға ресми түрде тапсырды. Біз мұны жеке мұралардағы жазбалардың ғылыми айналымға енуіне жол ашатын маңызды қадам деп бағалаймыз. Мысалы, қоғам қайраткері Ахан Танжарұлының қолжазбаларын оның ұрпақтары Нақып Аханұлы мен Ажар Аханқызы қорға өткізді. Ал 22 қазанда өткен отырыста Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Тынышбек Дайрабай бірнеше құнды дүниені сыйға тартты. Оның ішінде Алма Қыраубайқызының «Қисса Дандан» (Ақыбек Сабаулы) қолжазбасы, фольклортанушы Мардан Байділдаевтың материалдары және өзінің жеке қолжазба мұралары бар. Сондай-ақ ақын, жырау, күйші Сүбеек Нұрбаевтың «Ақтабан шұбырынды» кезеңіндегі жаугершілік дәуірді сипаттайтын, батырлық эпос үлгісінде жазылған 9 мың жолдық жыр-дастанының қолжазбасын оның қызы Инабат Абжанова табыстады. Бұл — қазақ халқының тарихи жады үшін аса құнды туынды, — деді ол.

Мамандар үшін ең алдымен материалдың түпнұсқалығына көз жеткізу маңызды. Оның арнайы әдістері де бар. Гүлшат ханымның сөзінше, біріншіден, қолжазбаға палеографиялық талдау жасалады. Мұнда жазудың стилі, әріптердің формасы мен орфографиялық ерекшеліктері қарастырылады. Әр дәуірдің өзіне тән жазу үлгісі бар болғандықтан, бұл әдіс қолжазба мерзімін анықтаудың ең сенімді жолы саналады.

Руханият ордасының ұжымы келер жылы даму сатысын одан әрі ілгерілету мақсатында бірнеше стратегиялық жоспарды жүзеге асыруға ниетті. Тарихи мекеме Республикалық Бас кітапхана ретінде алдағы уақытта халықаралық аренада еліміздің кітапхана саласын таныстыруды көздеп отыр. Белгілі болғандай, 2026 жылы Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында Халықаралық кітапхана ассоциациялары мен мекемелері федерациясының 90-конгресі өтеді. Дәл осы ауқымды жиынға Қазақстан кітапханалары атынан бірлесіп қатысу жоспарланған.



ҚОҒАМ

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ



Орал қаласында Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай «Батыр Бауыржан: болмыс пен биіктік» атты әскери патриоттық форум өтті. Форумға құқық қорғау саласының мамандары, әскерилер және белсенді азаматтар қатысты. Бұл форумның басқа форумдардан айырмашылығы бүгінгі форумға ұйымдастырушылар әр салада қызмет етіп жүрген Бауыржан есімді азаматтарды жинаған. Олардың қатарында полиция, әскери адам, дәрігер, заңгер және ақын-жазушы Бауыржандар бар. Олардың бәрі батыр, жазушы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының атын алып жүріп үлкен абырой әрі жауапкершілік дейді.

А Жанат Қайырғожина,
Батыс Қазақстан облысы

Форумды «AMANAT» партиясы БҚО филиалы «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында ұйымдастырып отыр. Іс-шара барысында театрландырылған көріністер арқылы Бауыржан Момышұлының балалық шағы, майдандағы ерлігі мен елге қалдырған өсиеті сахналанды. Батырдың тек жауынгер емес, қаламгер, ағартушы ретіндегі болмысы кеңінен насихатталды.

— Бүгін батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай Орал қаласында үлкен патриоттық іс-шара өткізілуде. «Болмыс пен биіктік» деген форумның атауының өзі үлкен мән беріп отыр. Бұл шараның басты мақ-

саты — батыр бабамыз Бауыржан Момышұлын үлгі ретінде кеңінен насихаттау, сонымен қатар жас буынның патриоттық сезімін ояту. Келешек ұрпаққа, жастарға, қазір барлық Қазақ еліне бабамыздың ерлігі мен батыр рухын насихаттау. Бүгінгі шараға тек жастар емес, студенттер емес, барлық құқық қорғау органдары, әскерилер де қатысып отыр. Олар өздерінің балаларын ертіп келді. Сонымен қатар форумға өңіріміздің ең атақты, белгілі Бауыржандарының бәрін жинағанбыз. Олар облысымыздың түкпір-түкпірінен, аудандарымыздан келіп қатысып отыр, — дейді «AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы төрағасы Мұрат Мұқаев.

Форумда облыс әкімі Нариман Төреғалиев қатысушыларды құттықтап, форумға

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

арнайы шақырылған, өз саласында жетістіктерге жетіп жүрген бірқатар Бауыржан есімді азаматтарды марапаттады. Олардың қатарында кәсіпкер, мұғалім, полиция, мәдениет саласының қызметкері, республикалық олимпиада жеңімпазы болған мектеп оқушысы Бауыржан да бар.

мен өмірлік ұстанымдарын терең танып, отансүйгіштікке, тәртіпке және елге адал қызмет етуге тәрбиеленуде. Сонымен қатар облысымыздағы 19 көше атауларына Бауыржан Момышұлының есімі беріліп, оның өшпес ерлігі мен өнегелі өмірі халық жадында мәңгі сақталып келеді. Батыр Бауыржан бабамызбен аттас

мында Бауыржан есімін иеленген 15-ке жуық әскери қызметші абыройлы қызмет атқарып жүр.

Солардың бірі — әскери қызметке жуырда ғана шақырылған жас сарбаз Бауыржан Төлемағамет. Ол батыр Бауыржан Момышұлының өмір жолы мен ерлікке толы тағдырын өзіне үлгі етіп, ел тыныштығын күзету жолында адал қызмет етуге ниетті. Ол да осы форумның құрметті қонағы болды.

— Бауыржан Момышұлы — мен үшін ерліктің, тәртіп пен отансүйгіштіктің нағыз символы. Өзімнің де атым Бауыржан болғандықтан, батыр бабамыздың жолын жалғап жүргендей сезінемін. Ұлттық ұлан сапында қызмет ету — үлкен абырой. Әскери антқа адал болып, ел тыныштығын күзету — менің басты мақсатым, — дейді жас сарбаз.

Екі Бауыржанды тоғыстыратын басты қасиет — Отанға деген шексіз адалдық, әскери тәртіпке беріктік пен рухани мықтылық. Бірі — тарихта өшпес із қалдырған қаһарман тұлға болса, бейбіт күннің Бауыржандары — сол ерлік дәстүрді бүгінгі күнде лайықты жалғастырып жүрген әскерилер.

Орал қаласында өткен патриоттық форумға қатысқан Бауыржандар батыр Бауыржан Момышұлының атын алып жүру үлкен абырой дейді.

— Менің атымды әкем қойған. Менің анам да, әкем де Бауыржан Момышұлын қатты қадірлейтін еді. Өмірде Батыр Бауыржанның атын алып жүру, есіміне кір келтірмеу деген бұл — үлкен жауапкершілік. Менің мақсатым осы батыр бабамыздың есіміне кір келтірмеу, тау тұлғаға лайық бола алуға тырысу, — дейді форумға қатысқан ақын, Орал өңірі газетінің бас редакторы Бауыржан Ғұбайдуллин.



Форумда сөз алған облыс әкімі Нариман Төреғалиев қазір Орал қаласында батыр Бауыржан Момышұлы атында екі білім ордасы барын айтып өтті.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, тарихи тұлғаларды ұлықтау — ұлттық сананы нығайтудың маңызды негізі. Осы орайда Бауыржан Момышұлының өмір жолын жас ұрпаққа кеңінен таныту — баршамыздың ортақ міндетіміз.

Бүгінде өңірімізде Бауыржан Момышұлының асыл есімін иеленген екі білім ордасы бар. Бұл мектептерде жас ұрпақ батыр бабамыздың ерлік жолы

азаматтардың бірқатары бүгінгі форумға қатысып отыр. Олардың қатарында елге танымал ақын-жазушылар, әскери қызметкерлер, дәрігерлер, ұстаздар, қоғам және мемлекет қайраткерлері, кәсіпкерлер, депутаттар, сондай-ақ Бауыржан Момышұлы есімін иеленген №46 орта білім беретін мектептің оқушылары бар, — деді аймақ басшысы өз сөзінде.

«Ел тарихында өшпес із қалдырған қаһарманның есімі бүгінгі күні де әскери ортада ерекше құрметке ие» дейді әскерилер. Мәселен, қазіргі уақытта Ұлттық ұланының «Батыс» өңірлік қолбасшылығы құра-

ПАРТИЯ АЛАҢЫНДА КӘСІПКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясының Ақтөбе облыстық филиалы жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиында өңірдегі бизнес өкілдерінің өзекті мәселелері талқыланып, оларды шешу жолдары қарастырылды.

Кенес отырысында кәсіпкерлер «Өрлеу» жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламасына қатысуға рұқсат алу, әлеуметтік маңызы бар маршруттарды субсидиялау, сондай-ақ сауда орындарына арналған жер учаскелерін бөлуге қатысты бірқатар мәселені көтерді. Атап айтқанда, индустриялық аймақта орналасқан Lucrum Star жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі

«Өрлеу» бағдарламасына қатысу барысында туындаған кедергілерге тоқталды.

— Кәсіпорын 2012 жылдан бері қағаз қалдықтарын қайта өңдеу арқылы дайын өнім шығарып келеді және барлық көрсеткіш бойынша шағын кәсіпкерлік субъектісі талаптарына сай. «Өрлеу» бағдарламасы аясында несиелендіруге өтінім берген едік. Алайда құрылтай-

шының бір адам болуы себепті рұқсат берілмей отыр, — деді компанияның даму бөлімінің басшысы Жанболат Айтенов.

— Кәсіпкерлердің мәселелерін осындай аландарда көтеріп, оларды нақты шешуге бағыт ұстануымыз қажет. Осы тұрғыда үйлестіру кеңесінің жұмысы маңызды. Қазіргі уақытта Салық кодексіне тиісті өзгерістер енгізіліп, Ақтөбе облысы бойынша қала мен аудандарда салық ставкалары төмендетілді. Бұл бюджетке оңай соқпаса да, қабылданған шешімдердің басты мақсаты — кәсіпкерлерді қолдау, — деді партияның облыс-



тық филиалы төрағасы Ербол Данағұлов.

Облыс әкімінің орынбасары, кеңестің тең төрағасы Абзал Әбдікәрімов үйлестіру кеңесі кәсіпкерлікке қолайлы жағдай қалыптастырудағы маңызды алаң екенін жеткізді. Ол кеңес шеңберінде кәсіпкерлерді алаң-

дататын өзекті мәселелерді ашық талқылап, оларды шешуге бағытталған нақты шаралар қабылдауға болатынын атап өтті. Сондай-ақ кеңестің тең төрағасы кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған жұмысты күшейту үшін барлық мүдделі тарапты бірлесіп әрекет етуге шақырды.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ



Атырау облысы Махамбет ауданының тұрғыны, көпбалалы әке, жақсылық істер жаршысы Қайрат Сәрсеновтің есімі бүгінде облыс жұртшылығына кеңінен таныс. Оның бақ өсіру тәжірибесі мен мұқтаж жандарға жасап жүрген көмегі тек өз ауласымен шектелмей, ауданның көптеген тұрғындарына үлгі болып отыр. Қайрат Сәрсеновтің ерлік ісі көрсеткендей, көпбалалы әкенің шынайы ниеті мен еңбекқорлығы бір ауладағы бақтан бастап, ауыл өмірін өзгертетін үлкен іс-әрекетке айналуы мүмкін. Біз бүтін ауылға үлгі болып отырған кейіпкерімізден бақ өсіру, еріктілік және азаматтық жауапкершілік жайлы сұхбат алдық.

Қайрат СӘРСЕНОВ,
бағбан:

КІШКЕНЕ ҚАДАМДАР

ҮЛКЕН ЖАҚСЫЛЫҚҚА АЙНАЛАДЫ

— Қайрат мырза, өзіңізді таныстырып өтсеңіз. Қайдансыз, немен айналысасыз?

— Атырау облысы Мақат поселкесіндегі Қошқар ауылының тумасымын. Бала кезімден ата-анам бізді табиғатты сүйе, айна-ланы көгалдандыруға баулыды. Үйіміздің ауласы әрдайым гүлдермен көмкеріліп, бау-бақша, тал-терек жайқалып тұратын.

Әкем мұнай саласында еңбек етті, анам кітапханада, кейін балабақшада қызмет атқарды. Осылайша, уақыттарының қауырт болғанына қарамастан, ата-анамыз бау-бақшаны күтіп-баптауға уақыт табатын. 2010 жылы білесіздер, облыс билігі Мақат ауданының бірнеше ауылын қалаға көшірді. Сол кезде отбасымызбен Махамбет ауданына қоныс аудардық. Махамбет өңірінің ауасы таза, жері шұрайлы. Сол өңірге келгеннен кейін тал сатумен айналысып, кейін бақ өсіруге қызығушылық таныта бастадым. Қазір өзім де көпбалалы әкемін, жеті балам бар. Осылайша, ата-анамның салған ізімен жүріп келе жатырмын.

— Алма бағын өсіру бастамасы қалай пайда болды?

— Махамбетке көшкенде үйіміздің ауласын алабота басып кеткен еді. Сол кезде үлкен балам төрт жаста болатын. Бір жағынан, ұлыма үлгі болу мақсатында өзім алаботаны жұлып, ауланы баламмен бірге жүріп тазалайтынмын. Ауламды толық тазартып шыққаннан кейін, өзім сатып жүрген жеміс ағаштарын отырғыза бастадым. Күнделікті еңбектің нәтижесі тез көрінді: ағаштар алғашқы жемісін бере бастады. Сол сәтте «Неге жер алып, нағыз бақ өсірмеске?» деген ой келді. Өйткені ауылдағы той-садақаларда үлкендер «Сарытоғайда керемет бақ болған еді» деп, тамсана айтып отыратын. Осындай әңгімелер бақ өсіруге деген ын-тамды ашты.

Сөйтіп, Махамбет ауданының сол кездегі әкімі Әлимұхаммед Құттымұратұлына барып, өз ойымды жеткіздім. Ол кісі бірден қолдау білдіріп, бірнеше жер учас-

кесін көрсетті. Су тасып, қатынауға ыңғайлы деген үйіме жақын жерді тандап алдым. Қураған ағаштарды жұлып, учаскені трактормен тегістеп шықтым. Бұл 2016 жыл еді. Сол кезде мемлекеттен «Өрлеу» бағдарламасы арқылы 200 мың теңге қайтарымсыз грант алып, алғашқы ағаштарды сатып алдым. 200 түп алма ағашын отырғыздым. Кейін баққа 30 түп алмұрт ағашын қосып отырғыздым. Сол кішкентай қадамдардан басталған жұмыс бүгінде үлкен баққа айналды.

— Бақ өсіру қаншалықты қиын? Күнделікті жұмысыңыз туралы айтып беріңізші?

— Бақ өсіру — менің сүйікті ісім. Ол тек еңбек қана емес, рухани тұрғыдан да ерекше қанат бітіреді. Күнде таңғы сағат бес-алтыда тұрып, ағаштарды суарып, арамшөптерін жұлу, түптеу, улау, дәрумен құю — бәрі уақыт пен күшті талап етеді. Алғашында қиын болды. Қазір шүкір, балаларым өсті, бакты күтіп-баптауды бәріміз бірігіп жүріп атқарамыз. Қазақ «Бейнет түбі — зейнет» деп босқа айтпаған. Баққа күтім жасау — оңай шаруа емес, бірақ жүрек қалауы мен ниет болса, ешқандай қиындық кедергі бола алмайды.

— Ағаштардың өнімділігі үшін қандай әдістер қолданасыз?

— Ең алдымен, ағаштың сапалы сортын таңдау маңызды. Көктемде және күзде талдарды қию жұмыстарын уақытылы жүргізу, улау, дәрумен беру — басты шарт. Қазіргі уақытта баққа тамшылатып суғару жүйесі енгізілген. Ағаштар өзіне керекті суды алады, сәйкесінше, бабы келіскен ағаштың өнімі де мол болады. Алма бағының жері әкімдіктің балансында, біз тек отбасымызбен баптап, күтіп отырмыз.

— Өнімді мұқтаж жандарға таратуға қалай шешім қабылдадыңыз?

— Алма бағын өсіру кезіндегі басты мақсатым — әу бастан мұқтаждарға аз да болса көмегімді тигізу болатын. Бұл бақ сол кішкентай мақсаттан туған бастама деп айта аламын. Қайырымдылық



дегеннен шығады, бірде мынадай қызық жағдай болды. Алма бағы туралы естіген кәсіпкер жігіт хабарласып, менен жемістерді сатып алмақшы болды. Арғы ниеті жемістерді Атырау қаласындағы балалар үйіне жеткізу екен. Мен жемістерді сатпаймын, бірақ қалаға жеткізіп беремін дедім. Сол кезде ол жігіт: «Екеуміз де сауап алайық. Мен сізден жемістерді сатып аламын, сол қаражатпен мұқтаждарды тамақтандырыңыз», — деді. Солай жасадық та. Сол сәтте жүрегім ерекше қуанышқа бөленді. Сыйлық алған адамнан сыйлық берген адам бақытты деген сөз бар. Себебі Алла беруші адамның жүрегін қуантып қояды екен. Қайырымдылық жасаған сайын өзімді бақытты сезіне түсемін.

— Сіздің бастамаңыз ауыл тұрғындарына қалай әсер етті?

— Менің тәжірибемді көріп, ауыл тұрғындары да үлгі алады. Түрлі спорт, ойын алаңдарын салып, ауылдарды көркейтуге үлес қосып жүрген азаматтарымыз бар. Рас, Махамбет ауданының өзінде 4-5 адам жер алып, бақ өсіріп көрді. Бірақ ағаштар жеміс бермей, қурап кетті. Сондықтан баптап отырған бағымың толассыз жеміс



Бақ өсіру — менің сүйікті ісім. Ол тек еңбек қана емес, рухани тұрғыдан да ерекше қанат бітіреді. Күнде таңғы сағат бес-алтыда тұрып, ағаштарды суғарып, арам шөптерін жұлу, түптеу, улау, дәрумен құю — бәрі уақыт пен күшті талап етеді. Алғашында қиын болды.

беруін Алланың маған қарасқаны, үлкен сыйы деп ойлаймын. Себебі баққа да күтім керек.

— Алдағы жоспарыңыз қандай?

— Жер берілсе, алма мен алмұрттан басқа да жеміс ағаштарын өсіруді қалаймын. Және бір екенде жемістердің бірнеше сортын өсіріп көргім келеді. Жұма сайын бір отбасына азық-түлік жеткізіп тұрамын. Мерекелерде ауыл балаларын тәттімен қуантамын. Демеушілер қолдауымен құдық қазып, үйлерге су тарту сияқты жобаларды жүзеге асырып жүрмін.

Жомарт жандардың қолдауымен Исатай, Индер, Жылыой, Махамбет аудандары, Атырау қаласында 12 мешітті жарық диодтық шамдармен жабдықтап бердім.

Дегенмен қиыншылықпен өмір сүріп жатқан отбасылар өте көп. Алдағы уақытта көмекті үлкен масштабта ұйымдастырып, мұқтаж отбасыларын баспаналы етуге үлес қосу жоспарымда бар. Сондай-ақ Жайық бойын тазалау, ауданның орталық көшелеріне гүл отырғызу жұмыстарын ұйымдастыру ойда бар.

— Өмірдегі ең үлкен байлығыңыз не?

— Денсаулығым мен отбасым. Балаларым, жұбайым — мен үшін ең басты байлық.

— Еріктілердің қоғамдағы рөлі туралы не айтар едіңіз?

— Қазіргі уақытта еріктілердің рөлі қоғамда өте маңызды. Жетім-жесірлер, мүгедек жандар өте көп. Қыс мезгілінде ол кісілердің үйлерінің ауласын тазалап, қар шығарып тастасaq қандай керемет. Жаз күндері ауланың шөбін жұлып, күнделікті тамағын жеткізіп отырсақ, бұл да біткен іс болар еді. Еріктілеріміз көбейген сайын, қоғам ізгілене түседі деп ойлаймын. Себебі еріктілер — үлкен ерлік істеп жүрген адамдар.

— Болашақ ұрпаққа қандай өсиет қалдырар едіңіз?

— Сұхбатымызды ғибратты әңгімемен аяқтағым келеді. Жаңбырлы күні әкесі мен баласы далада келе жатады. Әкесі алдында, ұлы сонынан еріп жүреді. Әкесі ұлына жаны ашып, «балам, сак болып жүр, жер балшық» дейді. Сол кезде ұлы «әке, о не дегеніңіз, мен сіздің ізіңізбен келе жатырмын ғой» деп жауап беріпті. Қазақта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесін» деген сөз бар. Бала көргенін істейді. Сондықтан жастарымыз адалдыққа, еңбекқорлыққа және білімге мән беру керек. Бала қайырымдылықты көріп өссе, ол өмірде дұрыс жол тандайды. Кең болсаң, кем болмайсың.

Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАҚ

ОЙТОҒЫС

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

Осы ойлардың тереңіне батып, қызыл шырақта ұзағырақ тұрып қалдым. Жұмыстан кештеу шықсам да, қалада әлі кептеліс. Кенет телефон безектей жөнелді. Бейтаныс нөмір. Көтеріп едім, таныс дауыс санқылдап:

— Еркебұлан бауырым, хал қалай? Отбасың аман-есен бе? Мені таныдың ба? — деп бастыр-малата жөнелді.

Мен де таныған кісідей аман-дасып жатырмын.

— Торғайдан кеше келгем. Балалар Астанада оқып, жұмыс істеп жатыр. Бір жағы солардың халін білейін деп, сосын соғым сойып ала келіп едім. Ертең қайтам.

Сонда барып жыға таныдым — ауылдағы 69 жылғы ағамыз. Елге сыйлы азамат. Жас кезінде жақсы оқығанын, мақалалары беделді газет-журналдарға шығып, ел аузына іліне бастағанда Алматыға қош айтып, Торғайға қайтып келіпті дейтін. «Үйдің кенжесі болған соң әкешесіне қолғабыс еткелі арманынан бас тартты» деп отыратын әкем. Әу баста мектепте мұғалім болып, кейін оны да тастап, жылқы бағып кеткенін білем. Бірақ қашан көрсен Қостанайдан, Алматыдан кітап алдырып оқып жүретін.

— Уақытын болса кездесейік, — деді.

— Әрине, үйге жүріңіз, қонақ болыңыз. Қай жерге түстіңіз? Айтсаңыз, алып кетейін, — деп жатырмын.

— Жок, кеш болып кетті. Келінді әуреге салма. Одан да маған кел. Бір жерден шай ішейік.

ЕҰУ жақтағы бір кафеде күтетін болды. Мен жеткенше де бірқыдыру уақыт өтті. Еңгезердей, сұсты кісі еді. Қапсыра құшақтап, жылы ұшырай амандасты.

— Үйден шықпай жатып торғайлықтарды көрсем қарадай қуанатын болдым, — деп аман-саулықтан соң бір күліп алды.

Болмысы таза ауылдың кісілері-ай, шіркін, бір адамның өзі рулы елдей болып ортаңды толтырады. Өнірінен даланың аңқылдақ лебі, дарқандығы мен пандығы есіп тұрады.

— Аға, қош келіпсіз. Үйге жүріңіз десем, көнбедіңіз. Бұйымтайыңызды айта отырыңыз, — дедім не деп сөз бастаудың қисынын таппай.

Бұл сөзіме шамданып қалғанын күреніткен жүзінен аңғардым.

— Сенің Астанаға келгеніңе қанша уақыт болды? — деді сынай қарап.

— Мектеп бітірген беті келдім. Міне, 25 жылға аяқ басты.

— Бәсе, — деді сәл ойланып. — Әбден қалаласып кетіпсіңдер. Олардың да жөн. Бірақ ауылдан кіндіктеріңді үзбейдер. Адам бұйымтайды аттанарда сұрамай ма? — деді ұрысқандай болып.

Ағаның уәжіне қысылып, сөз таппай қалдым. Осы күйімді аңғарғандай:

— Бірақ жастарға өкпе жоқ. Қызметтерің қарбалас, уақыттарың тапшы. Бұрынғыдай жата-жастанып әңгіме айтып отыратын заман қайда? Әр минутты есептеп, нақты іспен жұмыс істеп үйренгенсіңдер ғой, — деді қайта жұмсарып.

— Бәрін бағамдап отырсыз. Кештетіп хабарласқанға тағатсызданып, келе салып сұрап жатқан жайым.

— Жөн-ақ. Жас ұлғайған сайын қалада бір күн де тұра алмайтын

халге жетіппіз. Былтыр заманның жаңалығынан қалыс қалмайын деп Facebook дегенді ашқанмын. Бір-бірімен жаға жыртысып, бет тырнасып отыратын адам аз емес көрінеді. Бірақ өздерің сияқты азаматтардың не істеп, не қойып жүргенінен хабар алып отырарсың. Сенің паракшана қарасам, бірде айтыс пен бәйгеде, бірде мұғалім мен дәрігердің жанында жүресің. Жакында әкім біткенді жинап, жиын өткізіпсіңдер. Президент

ұйықтай алмайтынбыз. Сенің әкең Бөлтірік ағадан да талай кітап алып оқығам. Кітаппен дос болған елдің барлық қисығы түзелер еді ғой.

— Иә, сізді кітапты көп оқиды деп еститімін.

— Біздікі қанға сіңген дағды. Одақ қиыраған жылы басқалар сияқты кітап та далада қалды. Ел кітапханаларды бұзып, кірпіші мен ағашын талап кетті. Бірақ кітапқа ешкім қарамады. Сол кезде шама жеткенше тірнектеп жинағам.

ӨТКЕН КҮНДЕ

белгі бар

Желтоқсанның соңы таяған сайын ұзап бара жатқан үш жүз алпыс күнге қарағыштайсың. «Бір жыл ішінде не істей алдым, өткен күннен қандай белгі қалды?» деп ойланасың. Жыл соңы, Абай атамызша айтқанда, «өзіңнен өзің есеп алатын» мезгіл. Өткенге баға беріп, алдағы күнге нық қадам жасайтын сәт.

қатысыпты. Сонда сен партияда жұмыс істейсің бе?

Бұл сөзінен «AMANAT» партиясының «Мұғалім Talks» кейсплатформасы мен «Дәрігер Talks» диалог алаңын және Ауыл әкімдерінің диалог-платформасын айтып отырғанын біліп ішім жылып қалды.

— Иә, біраз жыл болды, «AMANAT» партиясының Орталық аппаратында жұмыс істеймін. Бәрін қалт жібермей қарап отырады екенсіз ғой.

— Қандай қызметтесің?

— Саяси жұмыс департаментінің директорымын.

— Оң болсын! Жас қаламгерлерді марапаттапсыңдар. Жаңа үйде жатып соны көзім шалып қалды да, өзіңмен бір әңгімелесейінші деп қонырау шалған жайым осы.

Партиямыздың жұмысын көріп-біліп отырғанына қуанып қалдым. Бар уақытыңды, ынта-жігеріңді арнап істеп жатқан ісің жайлы біреуден жақсы сөз естігеннен артық бақыт бар ма?

— Ракмет, хабарласқаныңызға. Бізде «Ұлттық мұра» партиялық жобасы бар. Соның аясында «Ұлы дала» әдеби байқауы өтіп келеді. Жас ақын-жазушыларды қолдау мақсатында партиямыз, оның ішінде біздің департамент ұйымдастырады. Биыл алтыншы мәрте өткіздік. Осы уақыт ішінде 100-ден астам қаламгер жеңімпаз атанды, — деп өзіме етене таныс жұмыс жайын баяндай жөнелдім. Керек десе кім қай жылы жүлдегер атанды, қандай шығарма жазды — бәрін айтып беруге әзір едім.

— Қомақты қаржылай сыйлық та алыпты. Дұрыс. Қаламгерлерге құрмет көрсеткендерің орынды. Мына бізді әке-шешемізден кейін әдебиет тәрбиеледі. Бір жаңа кітап жарық көрсек, оқығанша елегізіп



Тәуелсіздік алғанымызға бөркімізді аспанға атып қуандық. Алғашқы елең-алаң жылдар шынымен де елге ауыр тиді. Нан түгіл сабын сияқты ұсақ-түйекті таппай сабылдық. Ол кезде сендер ойын баласы едіңдер. Халық қара қазан, сары баланың қамын ғана ойлады. Енді өткенге көз салсам, сөйтіп жүріп рухани кедейлікке кіріптар болыппыз. Соның зардабын қазір тартып жатқан жоқпыз ба?

— Сол олқылықтар ақырындап қалпына келіп жатыр, аға. Партияда республикалық және өңірлік сайлауалды бағдарлама деген болатынын білесіз. Ал оны іске асыруға арналған Жол картада көптеген мәдени нысандарды салу, жөндеу жұмыстары қарастырылған. Оның орындалу барысына жүйелі түрде мониторинг жүргізіліп отырады. Соның нәтижесінде, кітапханалар саны күннен күнге артып келеді. Жанылмасам, қазір елімізде 3 900-ге жуық қоғамдық кітапхана жұмыс істейді.

— Еркебұлан, одан хабарым бар. Көріп те жүрміз. Тәубе дейміз. Бірақ барды жоғалтып, жоғалғанды қайта қалпына келтіргеннен гөрі барды бағалап, оны еселей түссе қандай бақыт, — деп ары қарай әңгімесін жалғастырды. — Көзді тарс жұмып, бәрін теріске шығара беруге де болмайды. Менің білетінім, соңғы 2-3 жылда біздің Жангелдин ауданында 170 шақырымнан астам жол жөнделді. Президент Торғай туралы бір-екі рет айтып, күре жол ауылды басып өтеді деп қуанып жатырмыз.

— Сіз айтқан сол 170 шақырымдық жол біздің партияның сайлауалды бағдарламасы аясында қаржы бөлініп салынды. Одан бөлек, 16 мектеп заман талабына сай жаңғыртылып, 1 100-ден астам жаңа жұмыс орны құрылды. Айта бер-

сек, бір ғана Жангелдин ауданында жаңалық көп. Бірақ бұл аудандағы барлық мәселе толыққанды шешілді деген сөз емес. Қызыл сөз бен қысыр уәдеден елдің бәрі жалыққан. Нақты іс керек, әрине.

— Енді-енді сендердің жұмыстарыңды түсініп келе жатқандаймын, — деді ол кісі ықыластана тындап. — Басқа ауылдардың хал-күйі қалай екенін білмедім. Ауыл адамдарына қаржылық тұрғыдан қолдау көрсетіле ме?

құрылды. Содан бері 14 млн гектардан астам жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

— Айтпақшы, — деді оқыс тіл қатып, — Биыл Жолдауында осы жайлы Президент айтты, иә? Бірақ көп көңіл аудара бермейміз осы. Қайтарылған жерді бөліп бергенде баяғыдай таныс-тамырлық шешіп кетпесе болды.

— Жок, оның өз тәртібі, шарттары бар. Конкурспен беріледі. Дәл осы «Жер аманаты» комиссиясымен біздің департамент айналысады. Сіздің айтып отырған күдігіңіз орынды. Қазіргі цифрлық дәуірде бәрі ашық. Қайтарылған жерлер жайлы ақпаратты қолжетімді ету үшін арнайы сайт іске қосылды. Сол жерден бәрін бақылап отырсаңыз болады, — деп jerkarta.gharysh.kz геосервисті ашып, қай өңірлерден қанша жер қайтарылып жатқанын көрсеттім.

Көріп шыққан соң риза болғандай басын изеді. Ендігі әңгіме жылқыға ауысты.

— Жылқыға қатысты кез келген жоба маған ұнайтынын білетін шығарсың. Арқалыққа барып марапаттауына да қатыстым. Екі-үш жыл болды-ау басталғанына. Былтыр Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өткенде арнайы келіп көрген едім. Қанымыз қызып, арқаланып жүреміз ғой қарадай. Жылқы деген — рух. Қазіргі жастар соның қадірін біле ме? Атқұмар болып өскен баланың жаманын көргем жоқ. Жылқыны көбірек дәріптеу керек. Маған салсан, жылқы жайлы таңды таңға жалғап айтудан жалықпаймын.

— Ұлы дала жорығы» осыдан 3 жыл бұрын Мемлекет басшысының қолдауымен басталды. Торғайдағы бәйгені қосқанда алтыншы мәрте өтті. Аз уақыт ішінде әлемге танымал халықаралық жарыс деңгейіне көтеріліп келеді. Міне, 3 жыл бойы «AMANAT» партиясы қолдап, ұйымдастыру жұмыстарына атсалысып келеді. Соның бәрінде, былайша айтқанда, көзге көрінбейтін қара жұмысында жүреміз біз.

Одан бөлек, айтысқа да партия жүйелі түрде қолдау көрсетіп келе жатыр. Сол үлкен тойға Мәжіліс Спикері, партия Төрағасы Ерлан Жақанұлы қатысты. Біз екі-үш күн бұрын барып жұмысқа кірісіп кеткенбіз. Сізбен дәл сол қарбалас кезде кездесіп қалдық.

— Жөн, жөн. Әрине, мемлекет құру мәдениет пен өнерден ғана тұрмайды. Экономика, ғылым-білім, заң мен тәртіп дейсің бе, бәр-бәрі — қастерлі Отанның шаңырағын нық ұстайтын ықтар. Міне, ел ағасы жасына келіппіз. Азды-көпті көрген-түйгеніміз бар. Сонда көзім жеткені — кітапты көп оқитын, ғылым мен білімді бірінші орынға қоятын елдің көші артта қалмайды екен.

Міне, ол кісімен қоштасып, үйге келе жатырмын. Жыл соңы болған соң қаланың абыр-сабыры әлі басылмапты. Мыңдаған азаматтың адал ниет, шын пейілмен істеген ісі — бүгінгі өмірімізді құрап тұр. «AMANAT» партиясы қазір 16 партиялық жобаны іске асырып жатыр. Әр жоба — қоғамдағы әртүрлі сұраққа жауап береді. Оның артында мыңдаған азаматтың мүддесі жатыр.

Шай суып қалыпты, тамақ та желінбепті. Шайын еселеп құйып:

— Әңгімеге айналып отырып тамақ ішуді ұмытып кетіппіз. Шай алыңыз. Сіздің сұрақтың бәрі «AMANAT»-тың істеп жатқан жұмысы төңірегінде болып кеткен сияқты, — деп күлдім. — Жок әлде партияның жұмысы барлық сауалға жауап бере ме, білмеймін. Айтып отырғаныңыздың бәрі рас. Құнанбай сұлтан кезінде: «Адам өседі, мал өседі. Жер өспейді» деген екен. Заңсыз жеке меншікке өткен, пайдаланбай жатқан жер аз емес. 2022 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, партия жанынан «Жер аманаты» республикалық комиссиясы

Еркебұлан ЖАУЛЫБАЙ,
«AMANAT» партиясы Саяси жұмыс департаментінің директоры

СЕРПІН

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ

2025 жыл Қазақстан үшін кезекті күнтізбелік кезең ғана емес, мемлекеттік дамудың сапалық жаңа белесі ретінде тарихта қалатын жыл болды. Бұл жетістіктер кездейсоқ емес. Олар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кәсіби дипломатиялық мектебі, стратегиялық ойлау қабілеті және жүйелі менеджерлік тәсілінің нәтижесі екені анық.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАДАМЫ НЫҚ



2025 жылы Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту нақты нәтижелермен көрінді. Цифрландыру, дерекке негізделген шешім қабылдау, орталық пен өңірлер арасындағы жауапкершілікті нақтылау — мұның бәрі басқарудың тиімділігін арттырды. Мемлекеттік аппаратта формализм қысқарды, функциялар оңтайландырылды және нәтиже мен жауапкершілікке негізделген басқару мәдениеті қалыптаса бастады.

Бұл — Мемлекет басшысының «күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидатының нақты іске асқанын көрсетеді. 2025 жыл Қазақстан экономикасы үшін сыртқы сын-қатерлерге қарамастан тұрақтылықты сақтай алған кезең болды. Экономикалық саясатта инвестициялық ахуал нығайды, өңдеуші өнеркәсіп пен инфрақұрылымдық жобаларға басымдық берілді, сондай-ақ шағын және орта бизнеске қолдау жүйеленді. Ең бастысы — экономика шикізатқа тәуелді модельден біртіндеп әртараптан-дыру жолына түсті. Бұл — қысқа-

мерзімді емес, ұзақмерзімді стратегиялық табыс.

Сонымен қатар биыл халықаралық аренада Қазақстанның сенімді әріптес, жауапты мемлекет ретіндегі беделін айқын көрсеткен жыл болды. Мемлекет басшысының кәсіби дипломатиялық шеберлігінің арқасында Қазақстан ірі державалармен теңгерімді әрі прагматикалық диалог жүргізді, Орталық Азиядағы тұрақтылық пен өзара сенімді нығайтуда жетекші рөл атқарды, халықаралық ұйымдар мен жаһандық платформаларда ел мүддесі дәйекті қорғалды.

Қазіргі жағдайда Қазақстан геосаяси күрделі жағдайда бейтараптық пен прагматизмді сақтай алды, көпвекторлы сыртқы саясаттың өміршендігін дәлелдеді, халықаралық инвесторлар мен серіктестер үшін сенімді алаң екенін тағы бір мәрте көрсетті. Бұл тек кәсіби дипломат емес, мемлекетшіл стратег ретіндегі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айқын артықшылығы.

Осы жылы Парламент заңнамалық реформаларды сапалық жаңа деңгейде қамтамасыз етті, әлеуметтік-экономикалық бас-тамалардың институционалдық негізін қалады, Үкіметпен конструктивті әрі талапшыл диалог жүргізді. Сенаторлық менеджерлік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттің тұрақты дамуы тек бастама көтерумен емес, оны кәсіби сүйемелдеумен өлшенеді. Осы тұрғыда билік тармақтарының өзара теңгерімді жұмысы 2025 жылғы жетістіктердің басты факторына айналды.

Амангелді НҰҒМАНОВ,
Парламент Сенатының депутаты

ҚЫЗМЕТ ЭТИКАСЫ: ТАЛАП ТА, ТӘРТІП ТЕ КЕРЕК

Мемлекеттік аппаратты ашық және әділ басқару қағидаттарын нығайту үшін мемлекеттік қызметшілер арасында әдеп нормаларын сақтау ерекше маңызға ие.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекеттік қызметшілер өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқаратын кәсіби маман ғана болмауы керек. Олар әрдайым бастамашыл, нақты ісімен елге пайда әкелетін және өзгерістердің өміршендігін халыққа көрсете алатын азамат болуы қажет. Сондай-ақ олар сөзі мен ісі үйлесетін, тиянақты, арлы адам болуы шарт. Әділетті Қазақстанды құру идеясына адалдығы әлдеқайда маңызды», — деп атап өткен болатын. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметшілердің мінсіз кәсібилігі мен адами қасиеттеріне ерекше мән береді.

Әдеп қоғамның билікке деген сенімінің іргелі негізі ретінде бүгінде мемлекеттік басқарудың қазақстандық моделінің ажырамас элементіне айналып келеді. Осы саладағы негізгі институттардың бірі — Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жанындағы Әдеп жөніндегі кеңесі. Әдеп жөніндегі кеңес — басшы лауазымдағы мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзу мәселелері бойынша тәртіптік істерді қарайды және теріс қылықтар расталған жағдайда тәртіптік шараларды қолдану туралы ұсыныстар енгізеді. Бүгінде оның басты мақсаты — мемлекеттік қызмет жүйесінде сенім, әділдік және заңдылық ахуалын қалыптастыру. Әдеп жөніндегі кеңестің отырыстары бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен ашық өтеді, сондай-ақ ағартушылық қызметке белсенді қатысады, мемлекеттік қызметшілер мен халыққа түсіндіру кездесулерін өткізеді. Мұның бәрі жауапты қызметшілердің жаңа буынын қалыптастыра отырып, құқықтық және әдептілік сауаттылықты арттырады.

Қазіргі заманғы мемлекеттік қызметкер — бұл жоғары білімі бар ғана емес, сонымен қатар жеке қасиеттерімен ерекше-

ленетін маман. Мемлекеттік қызметтегі әдеп — ол шектеу емес, дамуға ынталандыру, тұрақтылық факторы, жетілу және басқару мәдениетінің белгісі болады. Әдеп жөніндегі кеңестер мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және мемлекеттік басқару институттарына халық сенімін нығайту саласындағы саясаттың ажырамас бөлігі саналады. Оның қызметі азаматтардың қажеттіліктеріне бағдарланған және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құрудың маңызды элементі десек болады.

Қазір қоғам биліктен ашықтықты, әділеттілікті пен жауапкершілікті күткен кезде әдеп мемлекет пен халық арасындағы әмбебап сенім тіліне айналады. Бұл тілді сақтауға, дамытуға және күнделікті басқару тәжірибесінде бекітуге көмектесетін Әдеп жөніндегі кеңес екені анық. Биыл Абай облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің мәжілісі 8 рет өткізіліп, барлығы 40 сұрақ қаралды, оның ішінде 15 тәртіптік іс, 25-і құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық мәселелер. Кеңес отырыстарында қаралған мәселелер бойынша барлығы 58 ұсыным қалыптастырылды. Тәртіптік істерді қарау нәтижесі бойынша 10 лауазымды тұлғаға тәртіптік жаза қолдану ұсынылды (5 тәртіптік іс тоқтатылды), оның ішінде 7-і мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін «қызметіне толық сәйкес емес-тігі туралы ескерту», 3-і әдеп нормаларын сақтамағаны үшін «ескерту» түріндегі тәртіптік жазаға тартылды.

Сондай-ақ Әдеп жөніндегі кеңес тарапынан мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға ерекше назар аударылады. Мәселен, биыл Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының сақталуына талдау жүргізіп, оның нәтижелері Абай облысындағы әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралды. Жүргізілген талдау көрсеткендей, 379 қызметкер-

дің іссапар шығындарын уақытылы өтеу жүйелі түрде бұзылған. Қабылданған шаралардың нәтижесінде мемлекеттік қызметшілерге жалпы сомасы 2,4 млн теңгеден астам іссапар шығыстары өтелді. Талдау барысында жыл сайынғы еңбек демалысы төлемдерін уақытылы өтемеу фактілері анықталды. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті тиісті төлемдерді кешіктіргені үшін жалпы сомасы 267 195 теңгеден астам өсімпұл өндірді. Бұдан басқа, жұмыс уақыты режимінің сақталуына мемлекеттік органдарға бару арқылы мониторинг жүргізу нәтижесінде 64 мемлекеттік қызметшіге жалпы 195 сағаттан астам демалыс уақыттары берілді, 25 қызметшіге 87 377 теңге көлемінде қосымша ақы төленді. Айта кету керек, мемлекеттік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің үстеме жұмыс атқаруы міндетті түрде өтелуге тиіс. Бұл өтемақы қосымша демалыс күндері (сағаттары) түрінде немесе мемлекеттік қызметшілердің еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес ақшалай түрде жүзеге асырылады. Аталып өткен талдау және мониторинг нәтижелері Әдеп жөніндегі кеңес отырыстарында қаралып, тиісті лауазымды тұлғаларға нақты ұсынымдар берілді. Мұндай мысалдар Әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы тек тәртіптік істерді қарастыру емес, сонымен қатар азаматтардың, мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіруге бағытталатынын көрсетеді. Осылайша, Әдеп жөніндегі кеңес заңбұзушылықтың алдын алуға және мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылық пен тәртіпті нығайтуға оң ықпалын тигізуге бағытталған жұмысты жүйелі түрде жүргізеді. Ал бағдары айқын, қызметі елеулі Әдеп жөніндегі кеңес институты халықтың сенімін ақтауға өз күшін сала бермек.

Руслан ШАРИПОВ,
МҚИА Абай облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап магистралдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау қызметтеріне тарифтердің өзгергені туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының 2025 жылғы «25» желтоқсандағы № 118-НҚ бұйрығына сәйкес мұнайды магистралдық құбырлар арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына тасымалдау жөніндегі кейбір реттелетін қызметтерге жеңілдетілген тәртіппен тарифтер мен тарифтік сметалар бекітілді, олар бойынша Қоғам қуаты аз субъект болып табылады деп хабарлайды.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап тарифтер:

- Т. Қасымов атындағы мұнай айдау станциясында теміржол цистерналарына

мұнай құю бойынша - 1 тонна үшін 1 254,76 теңге (ҚҚС-сыз), 845,19 теңгеге немесе 206,36% ұлғаяды;

- «Шағыр» мұнай құю эстакадасында теміржол цистерналарына мұнай құю бойынша - 1 тонна үшін 517 теңге (ҚҚС-сыз), 236,10 теңгеге немесе 84,05% ұлғаяды;

- Т. Қасымов атындағы мұнай айдау станциясындағы теміржол цистерналарынан мұнайды ағызу бойынша - 1 тонна үшін 1 715,05 теңге (ҚҚС-сыз), 968,71 теңгеге немесе 129,79% ұлғаяды;

- «Ақтау» бас мұнай айдау станциясындағы теміржол цистерналарынан мұнайды ағызу бойынша - 1 тонна үшін 122,03 теңге (ҚҚС-сыз), 1,03 теңгеге немесе 0,85% ұлғаяды;

- Т. Қасымов атындағы мұнай айдау станциясында мұнайды «Кеңқияқ — Атырау» мұнай құбырына ауыстырып тиеу бойынша - 1 тонна үшін 80,99 теңге (ҚҚС-сыз), 0,65 теңгеге немесе 0,81% ұлғаяды;

- «Мақат» мұнай айдау станциясында мұнайды «Кеңқияқ — Атырау» мұнай құбырына ауыстырып тиеу бойынша - 1 тонна үшін 964,91 теңге (ҚҚС-сыз), 153,19 теңгеге немесе 13,70% төмендейді;

- «Кеңқияқ» бас мұнай айдау станциясында мұнайды ауыстырып тиеу бойынша - 1 тонна үшін 144,05 теңге (ҚҚС-сыз), 54,90 теңгеге немесе 61,58% ұлғаяды;

- Н.Н. Шманов атындағы мұнай айдау станциясында мұнайды «Кеңқияқ — Аты-


рау» мұнай құбырына ауыстырып тиеу бойынша - 1 тонна үшін 137,46 теңге (ҚҚС-сыз), 100,23 теңгеге немесе 269,22% ұлғаяды;

- бірыңғай маршруттау бойынша операторлық қызметке - 1 тонна үшін 31,91 теңге (ҚҚС-сыз), 9,54 теңгеге немесе 23,02% төмендейді;

- мұнайды тік болатты резервуарларда сақтау бойынша - айына 1 тонна үшін 93,59 теңге (ҚҚС-сыз), 140,17 теңгеге немесе 59,96% төмендейді.

Н.Н.Шманов атындағы мұнай айдау станциясында мұнайды ауыстырып тиеу жөніндегі қызметті қоспағанда жоғарыда аталған қызметтерге тарифтер 2015 жылдан бастап қайта қаралмағанын атап өткен жөн.

27 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | СЕНБІ



Асанәлі
Әшімовтің
«Қазіргі театрда өмір
бар да, өнер жоқ. Өмірден
өнер жасау керек» деген сөзін
әрбір жас режиссер қаперінде
ұстайтыны белгілі. Таяуда Астана
қаласының «Жастар» театры әлемдік
классик жазушы Стефан Цвейгтің
«Бейтаныс әйелдің хаты» новелласын
пьесаға аударып, жаңа қойылымның
премьерасын өткізді. Режиссердің
шеберлігіне тамсанып, өмірден
өнер өрген туындының
куәгеріне
айналдық.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Стефан Цвейгтің күрделі болмысын, сан саладағы еңбегін әлем жұрты ерекше бағалайды, дегенмен оның атын паш еткен де өміріндегі сол бір бейтаныс әйелдің хаты еді. Біз баяндап отырған қойылымда режиссер Стефан Цвейгті емес, бейтаныс әйелдің әлемін басты назарға қояды. Өшпес-өлмес махаббатты емес, әйелдің үнсіз тағдыры, ішкі құрбандығы, нәзік жүректің ерлігі бейнеленеді. Бейтаныс әйел дегенімізбен, бұл кейіпкер барлық қыз баласының жиынтық образы сынды. Әрине, көрерменнің қабылдауына ауыр соқты, тіпті жұрт адам баласында мұндай сезім болады екен ғой деп қайран қалысып жатты. Премьерадан соң қойылымның режиссері Нұрфат Уахитовты сөзге тартып, пікірін білдік.

— Әр премьера театр үшін бір баланың дүниеге келуімен бірдей. Осы айдағы премьерамыз өте қиын болды, жанры психологиялық драма болғандықтан да ауыр тиді. Стефан Цвейгтің новелласын пьесаға аудару, драма шығару оңайға соқпады. Көрерменге әсер еткенде, өзіміз де бір жеңілдеп қалдық. Шығарманы психологиялық тұрғыда қабылдау ауыр, дегенмен де қазақ халқына айтары болса, неге ұсынбасқа деген ой келді. Жұрт түсінбей жатса, бұл да — ой салғанымыз. Неге түсінбей кетті, яғни ары қарай ізденіп, оқуға да итермелеуіміз мүмкін, — дейді Н.Уахитов.

Режиссердің интерпретациясы, қойылымды беру формасы да дүйім көрерменге ерекше әсер берді. Мұнда бір әйелдің бейнесін, тағдырын жеті актриса сомдайды. Әр актриса әйелдің өмірдегі елеулі әр кезеңін, ішкі әлемін шынайы жеткізуге күш салғаны көрініп тұрды. Егер кейіпкерді бір актриса алып

шықса, көрермен мұндай ғажап сезімге бөленбес еді әрі жас актрисалардың шыңдалып, кәсіби өсуіне де керемет мүмкіндік туды.

— Жастарды кінәлаудан аулақпын, бірақ көбі кітап оқымайды. Әлемдік әдебиет пен қазақ әдебиетінде сабақтастық болу керек. Жалпы, шығарма өте көлемді, 1 сағат 20 минутқа сыйдыруға тырыстық. Шығарманы түгел сахналайтын болсақ, көлемді сериал шығатын еді. Қойылым Эзербайжанда, Ресей театрларында сахналанып жүр. Шығарма Еуропа елдерінде деректі фильм, кино, қойылым ретінде де өте танымал. Еліміздегі театрларда бұл шығарма әлі кездескен емес, алғашқылардың бірі болып сахналадық, — дейді Н.Уахитов.

Режиссер жеті актрисаны да өте сәтті,



үйлесімді тандап алған. Актрисалар әйелдің жеті түрлі кезеңін ойнаса да, шынайылығы сонша жетеуінен бір күйді сездік, жетеуі де құдды бір әйелге айналып кеткендей сендік, тұтас тағдырды көре білдік. Әйелдің 13-17 жас аралығын ойнаған Әйгерім

ЖАН СЫРЫ — ӨТЕ ЖАСЫРЫН

Дәуренқызының өнері жөнінде бірауыз айта кеткеніміз жөн болар. Актриса бала шақты, жастықты, албырт сезім мен махаббат күшін шынайы жеткізді, ауыр үстелді арқасымен көтеріп ала жөнелгені, алып-ұшып тұрған үшқалақтығы сондай әсерлі шыққан. Өнер иесінің өзімен де тілдесіп үлгердік.

оқып көрдік. Ең басты реквизит орындық болған соң орындықпен 1 ай достастық. Оған шығып билеп, астына кіріп, тығылып, құлатып та көрдік, құшақтадық та, — дейді Әйгерім Дәуренқызы.

Режиссердің ауыр тағдырды да өнердің биік деңгейінде жеткізуге күш салғанын айттық. Оған тағы бір дәлел — режиссер ассистенті



Айнұр Рахипова мен хореограф Гүлсая Тәуірханованың еңбегі дер едік. Өмірдің қалтарыс-бұлттарысы, тартысы нәзік иіріммен — сәтті пластикалық элементтер арқылы көрермен жүрегіне жетті. Бұған қоса, эстетикалық талғаммен дайындалған режиссердің де маңызы зор. Актрисалардың киімі, жазушының кітап, сөмкесі, көкте ілінген ақ мата, ақ раушан гүлі, әр детальдың да көрерменге жеткізер сыры бар, ал жас көрермен үшін шыр айнала, жүйткі қозғалып бара жатқан пойыз, сірә, қызық көрінді. Бұдан кейін кейіпкердің бойжеткен шағын сомдаған ак-

триса Перизат Ақанқызының да әңгімесін тындадық.

— Премьерадан соң әлемімде бір тыныштық пайда болғандай, тұтас кезеңмен қоштасқандай күй кештім. Кейіпкерімді тереңірек таныған сайын әйелдің қаншалықты нәзік, соған қарамастан мықты екенін түсіндім. Кейіпкер маған бөтен емес, болмысыммен көп жерде үндестікті байқаймын. Сезімге адалдық, махаббатқа бар жаныңмен берілу — бойжеткен шаққа тән қасиет. Адам өмірді де, сезімді де шектемейді, бәрі шексіз көрінеді. Әдемілікке жаны құштар, сұлулықты сүйетін қыздың ғашық болуы да ерекше болады, соны біз көрсете алдық деп ойлаймын. Қойылымдағы көп дүние халқымыздың түсінік-пайымына жат көрінуі мүмкін, біз махаббатты сұлулыққа балап, ерекше сезімнің де болатынын танытқымыз келді. Қыздың жаратылысы, қиялы, ойлауы мүлдем бөлек, осылай да адам сүйеге болады, — дейді Перизат Ақанқызы.

Қыз баласының ерлігінің бір қыры — өмірге сәби әкелуі. Өмір мен өлімнің арпалысына түсіп, ұрпақ сүйе білуін ешбір сөзбен жеткізе алмаспыз. Сол кезеңді қойылымда шынайы көрсете білген актриса — Айбибі Дарханқызы. Премьерадан кейін, бірнеше күннен соң актрисаға хабарласқанымызда, оның әлі де сол бір толқыныстан арыла алмағанын байқадық. Көңілі босап, әсерлі әңгімесін ақтарып салды.

— Маған толғақты көрсету керек болды, алайда өзім әлі тұрмысқа шыққан жоқпын, толғақты басымнан өткерген емеспін, сондықтан да осы рөлімді, монологымды халыққа жеткізе аламын ба деген қобалжу болды. Бірақ дайындық кезінде алғашқы сөзімді оқығаннан бастап жүрегім ауырып, көңілім толқып қоя берді. Қойылым мүлде басқа стильде болды, пластикамен және монологпен көп жұмыс істедік. Бастапқыда тыныштықта акырын дайындалып бастағанымыздың өзінде жүрегім дүрсілдеп, көзімнен жас парлап ақты. Бұл сәтті әлі басымнан кешіп көрмесем де, сезіне білдім. Осы 26 жасқа келген шағымда, анамның қалай қиналып, мені дүниеге алып келгенін түсініп, сол дүниені алғаш рет ойладым. Әрине, премьера кеше ғана болды, әлде де рөлімді жетілдіре түскім келеді, өзінің жететін шынына, кемеріне жеткізуге тырысамын, — дейді Айбибі Дарханқызы.

Қойылым әйелді кінәламай, керісінше оның жанын түсінуге итермелейді. Бейтаныс әйелдің кешкен ғұмыры, бастан өткен оқиғасы — өмір шындығы, бүгінгінің де көрінісі. Бұл шындық елді де, адамды да, уақытты да таңдамайды, әрбірімізде кездесуі мүмкін.



АЙҚЫН

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абай АЛТЫНСАЙЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәнін ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4685
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,